Ө.Сұлтанғазин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ

«Бекітемін»:	«Келісемін»:	«Қаралды»:
Мектеп директоры:	Оқу–ісінің меңгерушісі:	ӘБжетекшісі:
Е .К. Сманов	Г.Е. Танкебаева	Б.К.Булекпаева
«26 .08.2021 ж.»_____	«28 .08.2021ж.»	«27 .08.2021ж.»

Вариативтік бөлігінің курсы

«Өмір қауіпсіздік негіздері»

Биржанова Б.Ж

2021 – 2022 оқу жылы



ӘОЖ 373
ҚБЖ 74.102
М Ө-64

«Спецификация»
Библиографическое агентство
ЗАРЕГИСТРИРОВАНО
И ПРОВЕРЕНО
Подписи

РЕЦЕНЗЕНТТЕР

Құдабаева Н. Б. — А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Инженерлік – техникалық факультетінің аға оқытушысы

Ө-64 «Өрт қауіпсіздігін сақтау» әдістемелік құралы. Мектепалды даярлық сынып балаларына арналған Әдістемелік құралды құрастырған: Агадилова Г.А., Жилкайдарова Г. М. – Қостанай, 2018 ж. – ... б.

ISBN

Әдістемелік кітапта балалардың қауіпсіз іс – қимыл жасау тәжірибесін молынан жинауға, мұғалімге көмекші құрал ретінде және баланың өмірін сақтауға, денсаулықты нығайтуға және қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаның жағдайын жақсартуға бағытталған, ептілікті және дағдыны дамытуға болады.

Национальная Государственная
КНИЖНАЯ ПАЛАТА
Республики Казахстан
ОПИСАНО И ПРОВЕРЕНО
Подписи

ЭОЖ 373
КБЖ 74.102

ISBN 978-601-336-372-1

61 ..... , 2018

Мазмұны:

Түсінік хат .....

Күнтізбелік тақырыптық жоспары .....

Сабақтар топтамасы .....

Пайдаланған әдебиеттер .....

Түсінік хат

«Өмір қауіпсіздік негіздері» адамның қауіпсіз өмір сүру мәселесінің өзектілігі жыл өткен сайын анағұрлым айқындалып келеді. Балаларға өмірде кездесетін қауіптер жайында түсіндіру және сондай жағдайлардағы іс-қимылдарға дайындықты неғұрлым ерте бастаса, олар соғұрлым қауіпсіз іс – қимыл жасау тәжірибесін молынан жинайды. Адамның қалыпты өмір сүруіне, еңбек етуіне және демалуына қауіп төндіретін әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін жүйелі түрде оқыту. Өмірді сақтауға, денсаулықты нығайтуға және қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаның жағдайын

жақсартуға бағытталған ептілікті және дағдыны дамытуға болады. Өмір қауіпсіздік мінезі – құқық негіздерін қалыптастыру бойынша біртұтас көзқарас міндетті түрде болуы тиіс, әйтпесе бала өз ерекшеліктерінің жетегінде қалып, тұйыққа тіреліп қалады.

Вариативтік бөлім жұмысының **мақсаты** – балаларға өрт қауіпсіздігі ережесін қатаң сақтау арқасында түрлі жазатайым апатын алдын алуға болатыны туралы түсінік беру. Туған өлкенің табиғатына деген махаббатын ояту және оған ұқыптылықпен қарай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

Өмір қауіпсіздік неіздері туралы сезімдерін қалыптастыру;өрт кезіндегі өзін ұстау ережесімен таныстыру;өзі туралы маңызды ақпаратты жаттап алуға көндіру тегі, аты, үйі, мекен жайы және телефон номері;адам өмірін құтқару туралы білімдерін тереңдету және кеңейту.танымдық белсенділігін, білуге құмарлыққа, шығармашылық қабілеті, елестету, ойлау дағдысын дамыту.Қауіп қатердің алдын алу шаралары:

1. Тамақ істеп жатқанда газ плитасын қараусыз қалдырмау.
2. Құбырларды үнемі тексеру
3. Өртке арналған сатылар мен төтенше жағдайда шығатын есіктерді жаппау.
4. От жағуға арналған сіріңке, оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз
5. Балаларыңызға төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің нөмірлерін жаттатыңыз:

- Өрт сөндірушілер-101
- Полиция-102
- Жедел жәрдем-103
- Газ апатынан құтқару қызметі-104
- Құтқару қызметі-109

Күтілетін нәтиже:

Өмір қауіпсіздік негіздерінде ықтимал көздерін пайдаланған кезде ұауіпсіздік ережелерін сақтау үшін балаларды жануарлар мен қауіптің неғұрлым көп кездесетін себептерімен таныстыру қажет.Электр желісінің тұйықталуы немесе оларды дұрыс пайдаланбау, тұрғын үйді жылыту үшін газ плита пайдалану, сіріңкелермен ойнамау. Балаларға түтін қай кезде жоғары көтерілетінін, сондықтан да одан секіру немесе тезірек төрт аяқтап еңбектеп қашу керектігін айту керек. Өрт сөндіру бөлімшелеріне бару балаларда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары туралы білімнің дұрыс қалыптасуына көмегін тигізеді.

Күнтізбелік – тақырыптық жоспар Аптасына 1 сағат, жылына 32 сағат.

№	Тақырып	Мақсаты	Сағат саны	Өтілетін мерзімі
1-2	От досымыз, от жауымыз	Өрттің қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту.	2	01.09 08.09
3	Адам үшін ең қымбат өмір	Қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін арттыру	1	15.09
4	Өрт және от туралы мақал мәтелдер	Өзімізді қалай ұстауымыз керектігі туралы ереджені білу	1	22.09

5	Бұл сіріңке - ойыншық емес	Адамдар сіріңкені қай мақсатта қолданылатынын айту, олардың қауіптілігін түсіндіру	1	29.09
6-7	Сақтансаң, сақ боларсың	Жолда жүру, су және өрт қаупінен сақ болу және ережелерімен танысу	2	06.10 13.10
8-9	Қауіпсіздік ережесі	Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру	2	20.10 27.10
10-11	Отпен ойнау қауіпті	Балалардың отпен ойнауының салдарынан болатын өрттің алдын алу.	2	10.11 17.11
12-13	Қайғы болмас үшін, ережені жақсы оқы	Өртті сөндірудің нақты сөндіру тәсілдерін үйрету және өзін оттан және түтіннен қорғау	2	24.11 08.12
14-15	Ас үйдегі ала сапыран	Газ, электр пештерін жағып сөндіру тәртібін үйрету	2	15.12 22.12
16-17	Қыста су үстіндегі	Мұз айдынында сырғанақ тебу кезінде сақ болуға үйрету	2	29.12 12.01
18-19	Ережені жаттаймыз. Өмірлерді сақтаймыз	Қауіпсіздік сақтаудың адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру	2	19.01 26.01
20-21	Аңғалдық	Пешті жаққанда барлық қауіпсіздік ережелерін сақтау	2	02.02 16.02
22	Қай жерде ойнауға болмайды?	Көшеде жолда ойнауға болмайтынын айтып түсіндіру	1	23.02
23-24	Дәрілік шөптерді білу	Шөптердің емдік қасиеттері туралы білім беру	2	02.03 09.03
25	Жаман әдеттер	Жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу	1	16.03
26-27	Өрт – тілсіз жау	Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, пайда болу жолдарын ұғындыру	2	06.04 13.04
28	Көшедегі, жолдағы айнымас достар	Жолда жүрудің тәртіп ерелерін қалыптастыру	1	20.04
29	Ормандағы қауіптер	Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтардан сақтану	1	27.04
30-31	Табиғат аясында	Демалатын орынды дұрыс таңдай білу	2	04.05 11.05
32	Отпен абай бол!	Өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімін бекіту	1	18.05

Тақырыбы:От досымыз, от жауымыз

Мақсаты:Өрттің қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Өрттің алдын алуға балаларды ынталандыру. Сұрақ - жауап арқылы қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып сіріңкені, тұрмыстық техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерін білу. Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрттен, оттан сақтану жолдарын үйрету. Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, пайда болу жолдарын ұғындыру. Сонымен қатар оттың тілсіз жау екендігін ұқтыру. Өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы толық мағлұмат беру. Балаларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің

табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке, оттық т. б. қатерлі нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Жүру барысы:

Тәрбиеші: – Балалар, жан - жақтарыңа қараңдаршы, қандай әдемі! Терезеге қараңдаршы, күн алтын сәулелерін шашып тұр. Ендеше қоршаған ортамен амандасып жіберейік.

– Армысыз, қайырлы күн!

- Армысыз, қайырымды Аспан ата!
- Армысыз, мейірімді жер - ана!
- Армысыз, шұғылалы Алтын - күн!
- Қуанайық, шаттанайық бәріміз!
- Күліп шықты күн бүгін!
- Бәріміз күндей жарқырайық!
- Бәріміз тату болайық!
- Бәріміз дос болайық!

Тәрбиеші: балалар біз бүгін қауіпсіздік ережелерінің бірі өрттің қаншалықты қауіпті екенін білейік. «От – досымыз, от – жауымыз». Жалпы «от» деген сөзді қалай түсінесіздер? От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От – өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса тамақ піспейді, үй жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бойымызда қуат болмаса өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады От қалай пайда болды? Ерте заманда алғашқы адамдар отты пайдалануды найзағайдан түскен оттан үйренді. Сол найзағайдан түскен отты сөндірмей пайдаланды. Барлығы аң аулауға кеткенде, бір адам от басында қалатын болған. Тамақты пісіріп жеуді де найзағай отының астында қалған еттен байқаған. От астында қалған ет шикі еттен дәмдірек екенін байқап, асты пісіріп жеуді үйренген. Сол заманнан – ақ оттың өте маңызды екенін аңғарамыз.

Біздің ата - бабаларымыз шөбі көп жерді отты жер деп бекер айтпаған. Отты жер - қуатты жер. Мал біткенге күш - қуат беретін жер. Үйді қазақ халқы отпен теңестіріп отырған. Тұратын үйін отау, үй иесін – отағасы деп атаған. Отсыз тоңып, жауыраған адам ешқандай еңбек те істей алмайды. Сонымен от - өміріміз десек те, оның әлемі жайлаған алапаттың бірі - өрт қаупін шығаратынын да естен шығармағанымыз жөн. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан немесе байқампаздығымыздан кейде өрттің қалай күш алып кеткенін де байқамай қаламыз. От – өрісі кең түбір. Енді осы «от» түбіріне байланысты сөздерді терсек: отағасы, отау, отарба. Яғни мұннан шығатын нәрсе –«от» сөзі жылылықтың белгісі іспеттес. Оттың пайдасымен қатар зиянды жағы да жоқ емес. Қандай зияны бар, балалар?

«Отпен ойнама, күйесің» дегендей оттың зиянды жақтарына тоқталсақ:

Оттың зиянды жақтары: отты дұрыс пайдаланбаса, адам күйіп қалады. Өрттің шығу себептеріне тоқталайық. Өрттің шығу себептері туралы білгілерің келсе мына видео сюжетке назар аударайық.

Видео сюжет: «Өрттің шығу себептері»

Өрттің шығу себептері туралы не білеміз? Қане кім айтады?

***Балалар*:** 1. Шылымның тұқылын сөндірмей тастаса;

2. Шырпымен ойнаса;
3. Үтікті қосып кетіп қалса;
4. Газды ашық қалдырып кетсе;

Өрттің шығу себептерін нақты білгілерің келсе ендеше мына видео сюжетке назар аударайық.

Шырпы туралы не білеміз?

Камила: Шырпы күнделікті өмірде қажет. Шырпы арқылы майшамды, газды т. б. нәрселерді

тұтату үшін іске асырады. Шырпыны үлкендердің рұқсатынсыз алмау керек. Себебі, өрт - тілсіз жау. Шырпының адам өмірінде пайдасымен бірге зияны да болады.
Негізгі өрт қауіпсіздік шаралары туралы не білеміз? Видео сюжетке назар аударайық.

Газ – плитасын пайдалану

Ас үйге сән беретін газ плитасы. Көгілдір от тұрмыс - тіршілігімізді көп орын атқарады. Десек те, оны ұқыпты ұстап, жаға білуіміз керек. Егер газ плитасынан бір кемшіліктер байқалса ата - анаңа айтып ескерт. Өйткені ата - анаң газ бөлімшесінің арнаулы мамандарын шақыртады Тұрмысымызда тағы бір көп қолданатынымыз – Электр. Электр - жарық көзі. Бір күн үйімізге электр қуаты келмей қалса, дүниені қараңғы түнек басады. Дегенмен, оны да ұқыпты пайдаланбасақ, одан да өрт шығуы мүмкін.
Газ плитасы тұрған бөлмені жиі - жиі желдету керек. Егер газдың күлімсіген иесін сезсең сіріңке жағуға, электр жүйесіндегі лампаны жағуға болмайды.
Тек үйдің есік - терезелерін ашып, желдету керек.
Тәрбиеші: Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын шешімін табыңыз
Жұмбақтар
Қандай зат ең қауіпті, көгілдір - қызыл түсті?
(газ)
Қара сиырым жалап тұр, Қызыл сиырым қарап тұр
(От пен қазан)
Өрт қауіпсіздігі туралы қандай тақпақтар білеміз?
Дилназ: От жақпа күйерсің
Өртеніп жүрерсің
Сіріңкені ұстасаң
Бәлеге сен түсерсің
Бекжан: Оттың ісі қуырмақ
Желдің ісі суырмақ
Қазір жанған жалынды
Алып ұшып қуалмақ
Айзере: Кешір, досым, қателестім.
Шырпыны ұстап, көктемеспін.
Ата – ананың рұқсатынсыз
Сіріңкеге беттемеспін.

Айару: Алыңдар ұғып, балалар,
Істері кейде шалалар.
Шырпы, оттық, электрге
Шама келсе жоламаңдар.
Тағы да видео сюжетке кезек берейік.
Видео сюжет: «Өрт туралы не білеміз?»
Өрт қауіпсіздігі туралы қандай ережелер білеміз?
1. Электр жүйесінен ажыратуды ұмытпау.
2. Рұқсат етілмеген жерге электр жүйесін жүргізбеу
3. Өрттің алдын - алу, қауіпсіздікті сақта
4. Өртті сөндіруге арнайы заттарды даярлап қойған жөн. Оларға құм, су, күрек, киіз, т. б.
5. Өрт жаңадан басталғанда, сумен, құм сеуіп өшіреді.
6. Адамның киімі өртенсе, суға түскені дұрыс. Су жоқ болса, топыраққа аунап, үстіне құм

себуіміз керек. Болмаса адамды қалың матамен орап өшіреді.
Балалар мен сендерге өрт қауіпсіздігі бойынша викториналық сұрақтар бергім келеді. Сендердің өрт қауіпсіздігі туралы қаншалықты білетіндіктерін байқау мақсатында.
Өрттен құтқару викторинасы:
1. Өрт сөндірушінің киімі қалай аталады?
а) боевка; б) штурмовка;
в) огневка; г) бичевка.
2. Өрт сөндіргіш қайда орналасуы тиіс?
а) еденде; б) терезенің алдында;
в) қабырғада; г) шифоньерде.
3. Электр аспабының тұйықталуы кезіндегі бірінші іс - әрекет?
а) аспапқа су құю; б) аспаптың үстіне мата тастау;
в) тоқтан ажырату; г) «101» телефон шалыңыз.
4. Электр аспапты немен сөндіруге тыйым салынады?
а) құммен; б) көмірқышқылымен;
в) сумен; г) өрт сөндіруші ұнтақпен.
5. Өрт қауіпсіздігі қызметкерлерінің «Шығу» белгісінің түсі?
а) көк; б) қара;
в) жасыл; г) қызыл.
6. Бөлмеде өрт туындаған жағдайда алғашқы іс - әрекет?
а) далаға жүгіріп шығу; б) бөлменің есігін жабу;
в)»101»телефон шалыңыз; г) ваннаға қамалып отырыңыз.
7. Өрт кезінде өрт сөндірушінің қолын не қорғайды?
а) жең; б) қолғап;
в) тоң; г) крага.
8. Өрт - техникалық тексерісті өткізетін лауазымдық тұлға?
а) комендант; б) инспектор;
в) әдіскер; г) куратор.

Міне, балалар бүгін біз «От досымыз, от жауымыз» деген тақырыпта ашық шара өткіздік. Жоғарыда айтылғандарды естеріңде сақтап, әдепті болып жүріңдер.

Тақырыбы: «Адам үшін ең қымбат өмір»
мақсаты:Қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін арттыру.
Адам денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Денсаулықтың қатаң анықтамасы қандай? Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымының ережелерінде «Денсаулық дегеніміз – тән ақауының немесе аурудың болмауы ғана емес, сонымен бірге ол рухани, физикалық, әлеуметтік – саулықтың толық мәнді теңдігі.
Отанымыздың келешегі, көркеюі, оқушылар, сендердің қолдарыңда. Сондықтан сендердің таңдауларың – салауатты өмір салтын сақтау! Олай болса бүгінгі біздің тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Адам үшін ең қымбат өмір» деп аталады.
Жарыс бағдарламасы:
1) Таныстыру
2) Оқушылар өздерінің шығармаларымен таныстырады
3) Мақал – мәтел жарысы

Бірінші кезең: *«Таныстыру» кезеңінде* екі топ аттарын, ұрандары мен төсбелгілерін таныстырады. Ал **екінші кезеңде** «Жас ақын немесе ақынға жақын» жарысымызда оқушыларымыздың шығармаларын тыңдайық.
Үшінші кезеңі «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп ата-бабаларымыз айтып кеткендей атадан қалған асыл сөздер мен мақал-мәтелдерден жарыс.

1) Денсаулық - зор байлық.
2) Ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады.
3) Жан ауырса, тән азады.
4) Тәні саудың – жаны сау.
5) Тәуіптің жақсысы – ауруға ауру қоспағаны.
6) Бас аманда мал тәтті, бас ауырса жан тәтт.
7) Ауруын жасырған өледі.
8) Сырқат - тән жарасы, қайғы – жан жарасы.
9) Денің сау болса, жарлымын деме.
10) Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі.
11) Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол изде.
12) Аурудың жақсысы жоқ, дәрінің тәттісі жоқ.

Мұғалім: Төртінші кезең ситуациялық сұрақтарға жауап беру
1 жағдаят: Таныс баланың күнде ішімдікті қолданбай тұра алмайтынын білсең не істейсің?
2 жағдаят: Достарың арақ іш, ішпесең бізге жолама десе, сенің қайтарар жауабын?
3 жағдаят: Сен ақшадан қысылған сәтте Есірткіні сатсаң, көп ақша береміз десе не істер едің?
4 жағдаят: Бір күні сені жан досың бір отырысқа ертіп баратындығын айтты.Онда барғаныңда үлкен жиынның үстінен түстің.Сен бейтаныс адамдар ішімдік ішуге,шылым шегуге шақырады.Досың да солар жағында.Бұған дейін досыңның мұндай әдеттерін байқмапсың. Осы жағдайда сен не істер едің,қандай да бір шұғыл шешім қабылдайсың ба?Өз шешіміңмен бөліс.
5 жағдаят: Сыныпқа жаңадан оқушы келді.Барлық сынып оқушылары онымен жақын араласып кетті.Сіз онымен дос та болып алдыңыз.Кейін сіз оның жұқпалы аурумен ауратының білдіңіз. Бұл жағдайдағы сіздің іс-әрекетіңіз қандай?

Хормен: Кімде – кім өзіне өмір беріп, әлпештеп өсірген ата- анама қарыздармын деп білсе, соларға адал ұл боламын десе – арақ ішпесін өз ортасына қадірлі адам боламын десе – темекі шекпесін! Өз қоғамына пайдалы азамат боламын десе – нашаға әуестенбесін!

Сонымен оқушылар, бүгінгі тәрбие сағатының барысында жас жандарыңды неден аулақ ұстауға тырыстыңдар?
«Бірінші байлық – денсаулық» дейді қазағымыз. Екі кісі кездесе қалса да алғашқы сұхбат осы амандық, саулық болмақ. Ендеше сағат бойы талқыға салынған арақ, темекі, нашақорлықтан жандарыңды аулақ ұстаңдар. Салауатты өмір салтын жандарыңа жан серік етіңдер!
Мұғалім: Ұлы ойшыл Сократқа кезіңде мынадай сұрақ қойылыпты: «Адамға өмірде не қымбаттырақ байлық па,әлде атақ па?» депті. Сонда Сократ «Байлық та, атақ та,даңқ та адамды шын бақытты ете алмайды.Дені сау кедей,ауру патшадан бақыттырақ » деп жауап беріпті. Яғни адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек, ал денсаулықтын кепілі салауаттылық. «Тіршіліктің негізі –салауатты болашақ » деп бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Тақырыбы:«Өрт және от туралы мақал мәтелдер»
мақсаты:Өзімізді қалай ұстау керектігі туралы ережені білу.
көрнекілігі: сюжетті суреттер, тірек –сызба.
Құрметті оқушылар, біздің бүгінгі сынып сағатымыздың тақырыбы «Өрт және от туралы мақал мәтелдер». Жалпы «от» деген сөзді қалай түсінесіздер? От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От –өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса тамақ піспейді, үй жылымайды.От қалай пайда болды?
Ерте заманда алғашқы адамдар отты пайдалануды найзағайдан түскен оттан үйренді. Сол найзағайдан түскен отты сөндірмей пайдаланды. Барлығы аң аулауға кеткенде, бір адам от басында қалатын болған. Тамақты пісіріп жеуді де найзағай отының астында қалған еттен байқаған.От астында қалған ет шикі еттен дәмдірек екенін байқап, асты пісіріп жеуді үйренген. Сол заманнан –ақ оттың өте маңызды екенін аңғарамыз.
От –өрісі кең түбір. Енді осы «от» түбіріне байланысты сөздерді терсек: отағасы, отау,отарба. Яғни мұннан шығатын нәрсе –«от» сөзі жылылықтың белгісі іспеттес. Оттың пайдасымен қатар зиянды жағы да жоқ емес. Қандай зияны бар, оқушылар?
Оқушылар: Өртену, күю, жану, жарақат алу.
«Отпен ойнама, күйесің» дегендей оттың зиянды жақтарына тоқталсақ:
Оттың зиянды жақтары: отты дұрыс пайдаланбаса, адам күйіп қалады. Өртенген дала. Күйген ас.
« Өрт –тілсіз жау» атты бөлімімізде өрттің шығу себептері туралы айтамыз. Бұл тарауда сіріңке, темекі, үтік, газ суреттеріне не айта аласыңдар? (сурет көрсетіледі)
Өрттің шығу себептері:
1.Шылымның тұқылын сөндірмей тастаса;
2.Шырпымен ойнаса;
3.Үтікті қосып кетіп қалса;
4.Газды ашық қалдырып кетсе;
Отты өршіте түсетін нәрселер:
• перделер
• киім
• кілем жабындары
• жиһаз, пластик қаптамалар
• өрт және жарылыс қаупі бар заттар
Мына жағдайларда жұт белең алады:
• өрт хабарлағыш жоқ болса немесе істен шықса
• эвакуациялық көшіру жолдары болмаса немесе оларға заттар қойылып тасталса
• өрт сөндірушілер дер кезінде шақырылмаса
• терезе торларын ашу мүмкін болмас
Өрт қауіпсіздігін білу- әр оқушының міндеті. «Сақтықта қорлық жоқ» деп аталатын бұл бетте оқушылар өрт қауіпсіздігін айтып береді және өрт қауіпсіздігіне керек құралдардың суреттерімен жұмыс жүргізеді.
Жағдаяттық сұрақтар.
Сұрақтарға жауап береміз.
1.Сен үйде жалғыз қалдың.Ата –анаң қонаққа кетті. Кенет электр тоғының пышырлап жана бастағанын байқадың. Не істер едің?
2.Екі досыңмен (үшеуің) демалыс күні бірігіп ойнап жүрсіндер.Қарындарың ашып, күлге картоп көміп жегілерің келді. Сөйтіп сіріңке әкеліп, аулаға от жаға бастадыңдар. Бір кезде

жаққан оттарың желмен ұшып ауладағы үйілген шөпке тиіп, шөп жана бастады.Не істейсің?
3. Үйге көп қонақ келді. Қонақтар шай ішіп болған соң үлкен кісілер шылым шегуге сыртқа шықты.Сөйтті де бір кісінің шеккен шылымының сөнбей қалған тұқылынан жердегі қураған шөп жана бастады.Мұндай жағдайда не істейсің?
4.Үйге анаң от жағып, өзі далаға шығып кетті.Жанып жатқан пештің есігі ашылып кетіп, ішінен жанған от түсіп кетті.Сен не істер едің?
5.Сен сабаққа келгенде сыныптасың оттық ұстап жүргенін көрдің.Мұндай жағдайда не істер едің?
Өрт туралы видио ролик көрсету.
Дереккөз. Өрт болған жағдайда өзін-өзі басқару.
Көптеген адамдар өртті өздеріне қатысы жоқ, немесе олардың кесірінен болмайтын нәрсе деп қарастырады. Алайда өрт жағдайларының жартысынан астамына адам факторы – отты пайдаланудағы бейқамдық пен абайсыздық себеп болып жатады. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін барлығы білуі тиіс.
Ең әуелі кез келген бейтаныс ғимаратқа кіріп бара жатқанда, жолыңызды есте сақтауға тырысыңыз, негізгі және қосалқы есіктердің орналасуына мән беріңіз. Егер де «Өрт!» деген айқайды естісеңіз немесе түтін иісін сезсеңіз, не болмаса жалын байқаған болсаңыз, өрт сөндіру қызметіне хабарлаңыз.
Сабырлылық пен ұстамдылық сақтауға тырысыңыз, қасыңыздағы адамдарды тыныштандырыңыз. Жағдайға баға беріңіз, шын мәнінде қауіп төніп тұрғанына көз жеткізіңіз, оның қайдан пайда болғанын анықтаңыз, содан соң сабырмен, үрейге бой алдырмай қарама-қарсы бағытта есікке қарай жылжыңыз. Топ ішінде келе жатқанда, қартаң адамдарға жол беріңіз, байбалам салушыларды тоқтатыңыз. Қорқыныш салдарынан қозғала алмай қалғандарға көмектесіңіз, олармен байсалды, түсінікті түрде сөйлесіңіз.
Тобыр ішінде қалсаңыз, шынтағыңызды бүккен күйде қолдарыңызды қос бүйіріңізге қойыңыз да, жұдырығыңызды түйіңіз. Кеудеңізді шалқайтып, аяғыңызды алға тіреп, тегеурінді арқаңызбен тоқтатуға тырысыңыз, сөйтіп алдыңызды босатып, асықпай жылжыңыз.
Түтіні қалың жерлерге кірмеңіз! Заманауи ғимараттардың тұрғызылуында жанған кезде уытты заттар бөліп шығаратын пластик, синтетика көп пайдаланылады. Бірнеше рет тыныс алсаңыз-ақ болды, уланып өліп кетуіңіз мүмкін.
Бөлмелердің, дәліздің түтінге толғанын көрген сәтте түтін жете қоймаған басқышқа немесе есікке қарай жүріңіз, тек лифтке кіруге болмайды. Өрт кезінде лифтті пайдалануға мүлде тыйым салынады. Қабырғалардан, тұтқалардан ұстаңыз, қол орамал немесе киім сыртынан дем алыңыз. Егер де түтін қоюлана бастайтын болса, еңкейіп немесе жер бауырлай жылжыңыз. Ал егер температураның жоғарылап бара жатқанын сезсеңіз, демек қауіпті аймаққа жақындап қалдыңыз деген сөз. Мұндайда ең дұрысы – кейін шегіну.
Егер қалың түтіннің, жоғары температураның және өрттің кесірінен басқышқа немесе дәлізге шыға алмайтын болсаңыз, есікті мықтап жауып, тез арада кейін қайтқаныңыз жөн. Ал есіктің жарықтары мен желдету саңылауларын дымқыл шүберекпен бітеңіз.
Түтіннің қалыңдығы қауіпті деңгейге жетіп, ғимараттағы температура тым артқан болса, есікті жақсылап жауып, балконға, лоджияға шығу керек. Суланған жапқыш немесе басқадай қалың матаны ала шығыңыз, өрт есік немесе терезе ойықтарынан өткен жағдайда сонымен қымтанасыз. Алайда бұл қорғаныш ұзаққа бармайды. Балкон болмаған

жағдайдағы сіздің соңғы мүмкіндігіңіз – қабырғадан ұстап, терезе алдындағы тақтайға (ернеуге) шығу.
Егер де төменде өрт болмаса, ал бөлмеде қалу қауіп туғызса, өрт сөндірушілер басқышы арқылы астыңғы қабатқа түсуге тырысыңыз. Өзіңізді қорғау үшін өрт сөндіру жеңін де пайдалануға болады. Бір-біріңізді сақтандыра отырып, жеке-жеке қорғануға кеңес етеміз. Әрине, бұл өмірге қауіп төндіреді, алайда басқадай амал қалмайтын жағдайлар бар.
Егер де түтіні қалың дәліз арқылы шықпақ боп шешсеңіз, (ал ол өте қауіпті), суланған қалың матаны жамылып, еңкейе немесе еңбектей қозғалыңыз. Қалың мата сізді түтіннен қорғайды және от жалындап, қызуы артқан шағын телімдерден секіріп өтуге мүмкіндік береді. Ал егер от толқынының өзіңізге жақындап келе жатқанын көрсеңіз, матамен басыңызды қымтап, ойланбастан жерге жата кетіңіз, бұл сәтте ішкі ағзаларыңыздың күймеуі үшін тыныс алмағаныңыз жөн.

От туралы мақал –мәтелдер айтайық.
1.Отпен ойнама,күйерсің.
2.Ойын түбі –от.
3.Отын деген шөп болар,
Жинай берсең көп болар.
4.От жақпа-пісерсің,
Ор қазба –түсерсің.
5.Сумен ойнама –батарсың,
Отпен ойнама –күйерсің.
6. От пен су –тілсіз жау.
7.Өзі саққа құдай жақ.
8.:Сақ жүрсең сау жүрерсің.
9.Сақтықты сұңқырдан үйрен.
10. Жау жоқ деме –жар астында.
Бөрі жоқ деме –бөрік астында.
Міне, балалар бүгін біз «Өрт және от туралы мақал мәтелдер» деген тақырыпта сынып сағатын өткіздік. Жоғарыда айтылғандарды естеріңде сақтап, әдепті оқушы болып жүріңдер.


Өрт шыққанда тығылмай,
Далаға қашып, шығып кет!
Асып-сасып жығылмай,
Өрт астынан бұғып өт!
MyShared

Үлкендерді сыйлаңдар,
Шаңылғанды жиңаңдар!
Өрт боларын ойлаңдар,
Мамыққа от қоймаңдар!
MyShared

Тақырыбы:Бұл сіріңке-ойыншық емес
мақсаты: Адамдар сіріңкені қай мақсатта қолданылатынын айту, олардың қауіптілігін түсіндіру.
Ұйымдастырушы
«Біз әдепті баламыз» әнін шырқайды
Балалар әнді шырқады
Ұйымдастырушы- ізденістік
Үнтаспадан өрт сөндірші машинанын дыбысы естіледі.
101 санын тақтаға ілу арқылы балаларға сұрақтар қою:
-Балалар бұл не?
-Кім біледі қандай сан?
-Бұл 101 саны нені білдіреді,кім айтады?
-Өрт шыққан кезде осы телефон нөмеріне қоңырау шалады.
-Мұнда қандай мамандық иелері жұмыс жасайды?
Тақтаға өрт сөндірушінің машинасының суретін ілу
-Мына өрт сөндіруші машинаның артында не толып тұрады?
-Балалар өрт неден пайда болады?
Сіріңгекін,газдың,үтектің суреттерін ілу,әңгімелету (слайд)
-Кім от туралы мақал-мәтел айтады?

Жұмбақтар:
Жаурағанды күйдірер,
Өз еркіне жеберсеең,
Дүниені бүлдірер
Тұмсығы мықты,
Қыр мен ойды тегістеп шықты

Түймесін бассаң,
Сәулесін шашқан
Тақпақтар
Ана сөзін тыңдамай,
Әке сөзін тыңдамай
Тентек бала қоймай тым,
От шығарып ойнайтын

Көрдіңдерме тырқыны
Кернеу олмшырпыны
Жағып атып ойнайды
Жалын лапыл байлайды.

Орман жанып лаулайды
Өрт айнала қаулайды
Өрт бәрін де жалмады.
Ой,обал-ай,обал-ай!
Оттан қашып жаламай
Аң,құс,өртке тұншықты

Аяулы шу,үн шықты.
-Балалар мен сендерге сұрақ қояйыншы
Ситуациялық сұрақтар
Мысалы:
1.
Үйге қонақ келді.Қонақтар шай ішіп болған соң үлкен кісілер шылым шегуге сыртқа шықты.Сөйтті де бір кісінің шеккен шылымының сөнбей қалған тұқылынан жердегі қураған шөп жаңа бастады.Мұндай жағдайда не істейсің?
2.
Сен үйде жалғыз қалдың.Анаң қонаққа кетті.Кенет электр тоғының пышырлап жаңа бастағанын байқадың.Не істер едің?

-Кімнің ата-анасы өрт сөндіруші болып жасайды?
-Ия,біздің Рахманның әкесі өрт сөндіруші болып жұмыс жасайды екен.
-Рахман әкеннің қандай жұмыс жасайтыны туралы бізге әңгімелеп берші.
«Өрт тілсіз жау» тақырыбында суретпен әңгімелеу.
-Сендер өрт сөндіруші болғыларын келе ме?
-Неге?
Балалар бізге бүгін өрт сөндіру бөлімінен Отарғалиұлы Қайырғали қонаққа келіп отыр.
-Отарғалиұлы Қайырғали сіз біздің балабақшамызға қош келдіңіз!
-Бізде өрт қәуіпсіздігі апталығы өтіп жатыр,Сіз өзініздің қызметініз туралы әңгімелеп біріңіз.
Ойын: Болады-болмайды
Ойынның шарты: Қолдарыңа мына бағдаршамды алыңдар. Қызыл түсті – болмайтын жағдайда көтересіңдер, ал жасыл түсті – болатын жағдайда көтересіңдер.
Өрт болғанда 101 нөміріне қоңырау шалуға.....
Жанып тұрған сіріңкені тастауға.....
Үлкендерді айқайлап көмекке шақыруға.....
Өрт шыққан жерде қалуға.....
Өрт кезінде керует астына, шкаф ішіне тығылуға.....
Өрт кезінде есік, терезені ашуға.....
Қорықпай өрт сөндірушінің айтқанын тыңдауға.....
Көршілерден көмек сұрауға.....
Өрт кезінде газды, жарықты, тоққа қосылатын құралдарды қосуға.....
1.Отпен ойнама күйерсін
2.Ойын түбі –от
3.Отын деген шөп болар
Жинай берсен көп болар
4.От жақпа пісерсін
Ор қазба түсерсін
5.Өрт-тілсіз жау
6.Сумен ойнама-батарсың
Отпен ойнама-күйерсің
Балалар естеріңде болсын, өрт кездейсоқ шықпайды, ол дұрыс пайдаланбағаннан болады. Бүгін сендер оттың дос та, жауымыз да бола алатынына көз жеткіздіңдер. Естеріңде болсын: «Отпен ойнама, күйерсің», «Өрт – тілсіз жау».

Тақырыбы: Сақтансаң, сақ боларсың
мақсаты: Жолда жүру, су және өрт қаупінен сақ болу және ережелерімен танысу.
–Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін біздер қауіпсіздік ережесі туралы әңгімелесеміз. Ережелер еліне саяхатқа барайық!
Қауіп-қатер төнсе егер
Сақтық жолын табайық.
–**Біздер «Қауіпсіздік ережесі» еліне** пойызға мініп аттанамыз. Ол үшін онлайн ойын ойнайық. Түстеріне қарай вагондарды тіркейік.
Онлайн ойын
Фигурадан құралған пойыз Поезд из фигур Shapes train
Түстер Цвета colours
Көк – синий - blue
Сары – желтый – yellow
Жасыл – зеленый – green
Қызыл - красный – red
Сия түсті – фиолетовый – magenta

–**Міне, біздер Қауіпсіздік Ережесі еліне келдік.**.

I. – Сендер жолда жүру ережесің білесіңдер ме?

Презентациямен жұмыс

Қошақан жолдан дұрыс өтті ме?

Пингвин ше?

Мыналардың жолда ойнауы дұрыс па?

«Бағдаршам» Алдарындағы дөңгелекті берілген тапсырмаға сәйкес таңдап, тақтадағы бағдаршам ішіне жапсырады

II. – Кенет **Қауіпсіздік Ережесі елінде** адасып қалсаң не істейсің?

Сергіту сәті “Мен біркүні адастым ”

Мен бір күні адастым – *(қорыққанды көрсету),*
Бірақ тез-тез ойландым – *(маңдайын қолымен жайлап соғып күлімсіреу),*
Жан жағыма қарадым – *(қарау),*
Анам жоқ, енді не істеймін – *(қолын екі жағына жаяды),*
Оңға қарай жүгірдім – *(орнында жүгіру),*
Табыла ма, анам деп – *(айналасына қарау),*
Солға қарай жүгірдім – *(орнында жүгіру),*
Табыла ма, анам деп – *(айналасына қарау),*
Айналамды қарадым – *(айналу),*
Көріп қалам ба екен деп– *(айналасына қарау),*
Жоқ. Қозғалмаймын орнымнан – *(қолын кеудесіне қою),*
Осы жерде күтем тек

Егер адасып қалсаңдар ешқайда кетпей тұрыңдар. Сонда сендерді тез тауып алады.

III.

Бұл пойызда жұмбақ тиелген вагон бар.

Аузы жоқ , сөйлейді,

Көзі жоқ, көрсетеді. (*Теледидар*.)

.Өзі күнде шаң жеген,

Шаң жеп әбден дәндеген. (*Шаңсорғыш*.)

Көйлек қыртыс-қыртыс

Ол жүріп өтсе теп-тегіс (*Үтік*.)

– Қалай ойлайсыңдар, киім үтектеген соң, теледидар қарап, шаңсорғышпен тазалап болған соң не істеу керек? (балалар жауабы)

– Дұрыс айтасыңдар, электрқұрылғыларды сөндіру керек.

Ойын «Өрт туғызуы мүмкін заттарды анықта»
Өрт туғызатын заттар үстіненен тышқанды қойып басқанда қалады, ал қауіпсіз заттар жоқ болып кетеді
Ойын «Өрт тақтасында тұратын заттар»
Өрт тақтасында тұратын зат болса үстінен басқанда өрт тақтасына барып орналасады, басқа заттар орнынан қозғалмайды.

Сергіту сәті “Ұйқасың тап»

- Бір, екі, үш, төрт, пәтерде болып жатыр …….(өрт)
- Түтін басып кетіпті, сөндірмеген біреу……(*үтікті*).
- Қызыл жалын лаулады, демек шырпымен біреу…….. (ойнады)
- Тек тұрғаның жарамас, тез 101 ге сен …… (хабарлас)
- Өртке оранды шатыр, өртсөндірушіні тез…….(шақыр)

IV.

— Сен құлап қолыңды жарақаттап алдың дейік. Берілген заттар ішінен жарақатты (йод, мақта, ине, зеленка, градусник, дәрі, дәкі) өндейтін заттарды көрсет
Ойын-жаттығу “ Алғашқы көмек көрсету” Қолданылған материал:
Если малыш поранился. Демонстрационный материал Бурдина С.В.
Күйік алған кезде (слайд)
Жарақат алған кезде (машықтық)
V Қорытынды
Жарайсыңдар, балалар! Қауіпсіздік ережелерін жақсы біледі екенсіңдер.
Енді сендерді **Қауіпсіздік Ережесі елінің азаматы деп атауға болады.**
Мен сендерге Онлайн ойын арқылы **Қауіпсіздік Ережесі елінің азаматы** болуларыңмен құттықтап, құттықтау қағазын беремін.



Тақырыбы: Қауіпсіздік ережесі
мақсаты: Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру.
Бағыты: Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі
Көрнекілік:
• фигуралар,
• қорапша
Өту барысы
Мұғалім: –Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін біздер қауіпсіздік ережесі туралы әңгімелесеміз.
Ережелер еліне
Саяхатқа барайық
Қауіп-қатер төнсе егер
Сақтық жолын табайық.
–Біздер Қауіпсіздік Ережесі еліне пойызға мініп аттанамыз. Ол үшін онлайн ойын ойнайық. Түстеріне қарай вагондарды тіркейік.
Онлайн ойын
Фигурадан құралған пойыз Поезд из фигур Shapes train
Түстер Цвета colors
Көк синий blue Сары желтый yellow Жасыл зеленый green
Қызыл красный red Сия түсті фиолетовый magenta
–Міне, біздер Қауіпсіздік Ережесі еліне келдік..
I. –Сендер жолда жүру ережесің білесіңдер ме?
Презентациямен жұмыс
Қошақан жолдан дұрыс өтті ме?
Пингвин ше?
Мыналардың жолда ойнауы дұрыс па?
«Бағдаршам» Алдарындағы дөңгелекті берілген тапсырмаға сәйкес таңдап, тақтадағы бағдаршам ішіне жапсырады
II. –Кенет Қауіпсіздік Ережесі елінде адасып қалсаң не істейсің?
Сергіту сәті “Мен біркүні адастым ”
Мен бір күні адастым – (қорыққанды көрсету),
Бірақ тез-тез ойландым – (маңдайын қолымен жайлап соғып күлімсіреу),
Жан жағыма қарадым – (қарау),
Анам жоқ, енді не істеймін – (қолын екі жағына жаяды),
Оңға қарай жүгірдім – (орнында жүгіру),
Табыла ма, анам деп – (айналасына қарау),
Солға қарай жүгірдім – (орнында жүгіру),
Табыла ма, анам деп – (айналасына қарау),
Айналамды қарадым – (айналу),
Көріп қалам ба екен деп– (айналасына қарау),
Жоқ. Қозғалмаймын орнымнан – (қолын кеудесіне қою),
Осы жерде күтем тек
Егер адасып қалсаңдар ешқайда кетпей тұрыңдар. Сонда сендерді тез тауып алады.
III. Бұл пойызда жұмбақ тиелген вагон бар.
Аузы жоқ , сөйлейді,
Көзі жоқ, көрсетеді. (Теледидар.)
.Өзі күнде шаң жеген,
Шаң жеп әбден дәндеген. (Шаңсорғыш.)
Көйлек қыртыс-қыртыс
Ол жүріп өтсе теп-тегіс (Үтік.)
– Қалай ойлайсыңдар, киім үтектеген соң, теледидар қарап, шаңсорғышпен тазалап болған

соң не істеу керек? (балалар жауабы)
– Дұрыс айтасыңдар, электрқұрылғыларды сөндіру керек.
Ойын «Өрт туғызуы мүмкін заттарды анықта»
Өрт туғызатын заттар үстіненен тышқанды қойып басқанда қалады, ал қауіпсіз заттар жоқ болып кетеді
Ойын «Өрт тақтасында тұратын заттар»
Өрт тақтасында тұратын зат болса үстінен басқанда өрт тақтасына барып орналасады, басқа заттар орнынан қозғалмайды.
Сергіту сәті "Ұйқасың тап»
• Бір, екі, үш, төрт, пәтерде болып жатыр …….(өрт)
• Түтін басып кетіпті, сөндірмеген біреу……(үтікті).
• Қызыл жалын лаулады, демек шырпымен біреу…….. (ойнады)
• Тек тұрғаның жарамас, тез 101 ге сен …… (хабарлас)
• Өртке оранды шатыр, өртсөндірушіні тез…….(шақыр)
IV. - Сен құлап қолыңды жарақаттап алдың дейік. Берілген заттар ішінен жарақатты (йод, мақта, ине, зеленка, градусник, дәрі, дәкі) өндейтін заттарды көрсет
Ойын-жаттығу " Алғашқы көмек көрсету" Қолданылған материал:
Если малыш поранился. Демонстрационный материал Бурдина С.В.
Күйік алған кезде (слайд)
Жарақат алған кезде (машықтық)
V Қорытынды
Жарайсыңдар, балалар! Қауіпсіздік ережелерін жақсы біледі екенсіңдер. Енді сендерді Қауіпсіздік Ережесі елінің азаматы деп атауға болады.
Мен сендерге Онлайн ойын арқылы Қауіпсіздік Ережесі елінің азаматы болуларыңмен құттықтап, құттықтау қағазын беремін.

Тақырыбы: «Отпен ойнау қауіпті!»
мақсаты: Балалардың отпен ойнауының салдарынан болатын өрттің алдын алу.
Шаттық шеңбері:
Қуан, шаттан алақай,
Қуанатын күн келді!
Қайырлы таң достарым,
Қайырлы таң қонақтар!
Тәрбиеші:Балалар,бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?
Балалар:Жақсы.
Тәрбиеші:Осы жақсы көңіл –күйімізбен сабағымызды бастайық.
– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
– Күз мезгілі.
– Күз мезгілінде ауа- райы қандай болады?
– Күн суытады.,жапырақтар сарғайып жерге түседі...
– Ал күз мезгілінен кейін қай жыл мезгілі келеді?
– Қыс мезгілі.
– Қыста күн қандай болады?
– Қыста күн суық,боран соғады,қар жауады,жылы, қалың киім киінеміз.
– Дұрыс айтасыңдар, қыста үйіміз жылы болу үшін, үйге біз не жағамыз?
– От жағамыз.
– Олай болса, балалар, бүгінгі сабағымызда «Отпен ойнау қауіпті!» деген тақырыпта әңгімелесетін боламыз.
Суретпен жұмыс. (Сұрақ-жауап)
-Мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?
-Отты.
-Ал, балалар, оттың қандай пайдасы бар?
-Отпен тамақ істейміз, үйімізді жылытамыз.
-Ал, енді оттың зияны туралы не білеміз?
-От қатты лаулап жанса, өрт болуы мүмкін. Өрттің кесірінен қаншама адамдар үйінен, тіпті өмірінен айырылып қалуы мүмкін.
«От - дос, от – жау» сөзінің мағынасын сұрау.
Балалардың жауаптарын тыңдау.
Жұмбақ шешу.
- Ал енді, мен сендерге жұмбақ жасырамын. Кім шешуін табады екен? Ойланып, жауап берейік.
Бір нәрсе төрт бұрышты білесіз бе?
Жаны жоқ қимылдауға денесінде.
Ішінде жансыз шоқпар тығулы тұр,
Қажетін кешке жақын білесіз де. (Сіріңке)
Балалардың жауаптары.
Тәрбиеші:Балалар,қалай ойлайсыңдар,сіріңкемен ойнаған қауіпті ме?
-Сіріңкемен ойнауға бола ма?
-Не себептен сіріңкемен ойнаған қауіпті?
Балалардың жауаптары тыңдалады.
Видео сюжет: «Өрттің шығу себептері»
Өрттің шығу себептері туралы не білеміз? Қане кім айтады?
Балалар: 1. Шылымның тұқылын сөндірмей тастаса.
2.Сіріңкемен ойнаса.

3. Үтікті қосып кетіп қалса.
4. Газды ашық қалдырып кетсе.
Әңгіме оқып беру.
- Арланның ата – анасы жұмыста болатын. Ол үйде жалғыз қалды. Бір кезде оған досы Асан келді.
- Арлан не істеп отырсың?
- Сабақ қарап отырмын.
- Сабақты қайтесің, одан да екеуміз ойнайық.
- Жарайды.
Екеуі ойнауға кіріседі. Бір кезде Асан қалтасына қолын салып, сіріңкені алып шығып: Арлан, мынаны қара, менде сіріңке бар. Қане, сіріңкемен от жағып көрейік.Қызық болатын шығар? Екеуі от жағуға кірісті. Содан от қатты жанған кезде екеуі шошып, үйден қаша жөнелді.Ал, балалар, айтыңдаршы Арлан мен Асанның істегені дұрыс па?
Сұрақ-жауап.Балалар пікірі тыңдалады.
Өртке байланысты ережелермен таныстыру.
Сіріңке балаға ойыншық емес, ойнауға болмайды.
Үйде үлкендер болмаса, электр жабдықтарын қоспа.
Сіріңкені қалтаға салып жүргенді әдет қылма.
Үйде өрт болған жағдайда, әке – шешеңе немесе көршіңе хабарлас.
Өрттің шығу
Сергіту сәті:
Табиғат – біздің анамыз,
Аялайық бәріміз.
Табиғатты құрметтеп,
Қол соғайық бәріміз
Ойын: «Болады, болмайды» доппен.
Тәрбиеші:балалар от туралы қандай мақал-мәтел білеміз?
Балалар:
1.Отпен ойнама, күйерсің.
2.Ойын түбі – от.
3.От жақпа - пісерсің,
Ор қазба – түсерсің.
4.Сумен ойнама – батарсың,
Отпен ойнама – күйерсің.
5.От пен су – тілсіз жау.
Тәрбиеші:Балалар,сендер отпен ойнаудың қаншалықты қауіпті екенін білдіңдер.Егер өрт болған жағдай да өзімізді қалай ұстау керекпіз.
1. Өрт сөндіруге қарсы «101» телефонына қоңырау шалу керек және өз мекенжайыңызды айтуыңыз қажет, үйден жүгіріп шығу және көмекке адамдарды шақыру кажет.
2. Егер сіздің телефон жоқ болса «Өрт!»- деп қатты дауыспен сырттағы адамдарды көмекке шақыру керек.
3. Өрт шыққан кезде еденге жатып мұрын мен ауызды сулы орамалмен жауып еңбектеп немесе жорғалап есікке қарай шығу қажет.
«Сұрақ-жауап»ойыны арқылы қорытындылау.
Тәрбиеші: Рақмет сендерге,балалар!Міне, балалар бүгін біз «Отпен ойнау қауіпті!» деген тақырыпта өрттен сақтану жолдарын білдік. Жоғарыда айтылғандарды естеріңде сақтап, әдепті болып жүріңдер.

"Отпен ойнама, балақай!"

Тақырыбы: **Қайғы болмас үшін, ережені жақсы оқы.**

мақсаты: Өртті сөндірудің нақты сөндіру тәсілдерін үйрету және өзін оттан және түтіннен қорғау.

І.Ұйымдастыру кезеңі:

Өрт қауіпсіздігі.

Өрт –бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы. Өрт уақытымен және кеңістікте көбейетін, жанудан бөлек масса және жылу ауысуын қосатын, ауыр физико-химимялық процесс. Өрт оқиғалары негізінен тұрғын секторда туындап отыр. Яғни, өрт басқа орындарға қарағанда азаматтардың үйлерінде жиі орын алады. Оның себептері де әр түрлі. Оның ішінде басты 4 себепті айтуға болады: 1. Отты абайсыз қолдану;2. Пештің ақаулығы; 3.Электр желілері мен құралдарын пайдалануда өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау; 4.Балаларды қараусыз қалдыру болып табылады.

Ең бастысы, үйде от жағылып, қыс бойы пайдаланылатын ***пеш*** ақаулы болса, онда ол өрттің баспанада орын алуына бірден-бір себепші. Үйдегі пешке аса үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Пеш жаздың күні міндетті түрде жөндеуден өткізілуі тиіс. Балаларға пешті қарауға және жағуға тиым салынады.

Өрт оқиғаларына басты себепшілердің бірі ***газ баллондарды*** пайдаланудағы өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау болып отыр. Газ баллоны өртке қауіптілігімен бірге, үйде жарылысқа себепші болып, үлкен апатқа да соқтыруы мүмкін. Газ баллоны газ плитасына дұрыс орнатылуы қажет. Газ баллоны газдың шығып жатқанын, тек сабын көпіршіктері арқылы тексеруге болады. Газдың иісін ауадан сезген уақытта сіріңке жағуға, темекі шегуге, басқа да электр қондырғыларын іске қосуға болмайды.

Газ шыққанын байқасаңыз, тез арада есік пен терезені ашып бөлмені желдетіп, баллонды далаға шығарып, апаттан құтқару қызметіне хабарласыңыз. Баллонды қыздыруға, егер баллон бұзылған болса, оны өзіңіз жөндеуге тиым салынады.

Өрт оқиғаларына басты себепші ***электр желісі*** және өрт қауіпсіздік ережелерін бұзуы болып табылады. Үйге жарық тартқан кезде, көбінесе, оның дұрыс орнатылуы ескеріле бермейді. Ескірген сымдарды қолдану да кездеседі. Осы жәйттардың барлығы аяғында өртке әкеп соқтырады. Электр желісі бұзыла қалған жағдайда, кәсіби біліміңіз болмаса, оны өзіңіз жөндеу - өте қауіпті.

Сондықтан, үйдегі электр желілеріне салмақ түсіретіндей 2-3 электр затын бір мезетте электр қуатына қоспау керек.

Өртке келгенде ***баланың*** да шалалығы бар.

Қолынасіріңкеұстапойнағанжасөспірімдердіңабайсыздығынанболғанөртоқиғалары аз емес.

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Өрттерді сөндірудің негізгі құралдары:

Су — өртті сөндірудің негізгі құралы. Су электр өткізгіш, сондықтан оны тоқта тұрған жүйелер мен жабдықтарды сөндіруге пайдалануға болмайды. Электр сымдарға судың түсуінен қысқа тұйықталуы болуы мүмкін.

Құм — өрттің шағын ошақтарын сөндіру құралдарының ең қапайымы болып табылады. Оның отты сөндірудегі әрекеті — ол жанғаш затты салқындатады

Химиялық көбіктің құндылығы оның төзімділігінде, тұтқырлығында, жеңілдігінде болып табылады, ол жанған затты толығымен тығыз жауады және оған ауа жібермейді.

Көмір қышқылды өрт сөндіргіштер химиялықтармен қатар айтарлықтай таралған. Олар химиялық зертханаларда, кітапханаларда, мұражайларда және басқа да жайларда кеңінен қолданылады. Бұл өрт сөндіргішті қуаттандыру үшін үлкен қысымда тұрған сұйытылған көмір қышқылы (көміртек диоксиді) қолданылады.

Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу барысында баллонды көлденең жағдайға бұруға болмайды, өйткені бұл кезде сифонды құбыр арқылы көмір қышқылдың шығуы бұзылады.
Қазіргі уақытта құрғақ ұнтақтармен толтырылған ұнтақты өрт сөндіргіштер көп таралған, олар өрт аумағына түсіп, отты сөндіретін зат бөледі.
Ұнтақты өрт сөндіргіштер тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың, газдардың, ағаш өнімдерінің, тоқ қысымында тұрған электр сымдардың, сілтілі металлдар мен өздігінен жану қасиеті бар басқа да заттардың жануын сөндіру үшін қолданылады.

Өрт қауіпсіздігі ережесі

ҮЙДЕГІ ӨРТ

Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез үйден кету. 101-ге хабарласып өрт сөндірушілерді шақырту. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Түтіннің исін сезгеннен кейін үйден тез кетіңіз. Кез келген шүберекті сулап ауызыңыз бен мұрынды жабыңыз сосын енкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.
2. Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктер мен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді.
3. Жанып жатқан үйден лифтпен түспеңіз, өйткені ол қатты өрт болып жатқан қабатта тоқтап ашылу мүмкін және содан бәрі жарақат алады. Ток кез келген уақытта сөніп қалу мүмкін және лифт этаждардың арасында қалу мүмкін.
4. Егер коридор және площадка өртте және түтінде (төмен түсуге жол жабық) болса, онда шатырға көтеріліңіз.
5. Егер өрт коридорда болса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен ашық жерлерді жауып, есікке көрпе не пальто іліңіз. Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз.
6. Егер сізге біреуді өрттен құтқару керек болса, онда өзіңді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді жоғалсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шыға алады. Ауызымен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз.
7. Егер құтқарған адам түтінмен демалып есін жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз.

Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиідемалу, жүрекайналуы, сананыжоғалту.

ЕГЕР ӨРТ ҚАТТЫ ЖАНЫП ТҰРМАСА.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Өртті бір затпен (көрпе, пальтомен) үстінен жаба салыңыз. Содан кейін үстінен су құйыңыз.
2. Түтінмен демалмауға тырысыңыз. Мұрынды және ауызды ылғал шүберекпен орап қойыңыз.
3. Өрттенжаныптұрғанзаттардыалмаңыз, өйткеніолөрттіңтаралудыңсебепкеріболады.
4. Өрттішетіненбастапортағақарайсөндірукерек.

АДАМ ҮСТІНДЕГІ КИІМНІҢ ЖАНЫП КЕТУІ

Сіздіңәрекетіңіз:

Адамды тез ғанажергежатқызыңыз (бұлөрттіңадамныңбасынабаруынажолжабады), үстіне су құйыпнемесекурткамен, пальтоменжабыңыз.

Өрттің алдын алу шараларын мыналар кіреді:

- құрылыстық-жобалау;
- техникалық;
- ұйымдастырушылық;

Құрылыстық-жобалау шаралары ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділігімен анықталады.

Техникалық шараларына мыналар кіреді:

- өмірге қажетті жүйелерді (жылу, жарықтандыру, вентиляция т.б.) орнатқан кездерде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау;
- құрал-жабдықтар жұмысының тәртібі мен технологиялық процестер парамертлерін сақтау;
- әртүрліқорғанужүйелерінпайдалану.

Ұйымдастырушылықшаралар құрамынаөртқауіпсіздігібойыншаоқуөткізу, өртқауіпсіздігішараларыныңсақталуынтексерукіреді.

IV. Жаңа сабақты бекіту.

Сұрақтарға жауап беру.

1. Өрт дегеніміз не?
2. Өрт қауіпсіздігі дегеніміз не?
3. Өрттің алдын алу шаралары.
4. Өрт сөндіру құралдары.

қорытындылау

Күнделікті өмірде адам баласын қоршаған қауіп-қатер аз емес. Соның ішінде, ең күрделі – өрт.

Өрт – аса қатыгез, ол ешкімді аямайды. Ең бастысы, өрттің туындауына жол бермеген жөн.

Құрметті оқушылар, өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды өтінемін. Өрттен сақ болыңыздар !!!

Тақырыбы:**Ас үйдегі ала сапыран.**
мақсаты:Газ, электр пештерін жағып сөндіру тәртібін үйрету.

Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Шаттық шеңбер: Армысың, Әлем! Армысың, Жарық аспан! Армысың, құрметті Қонақтар! Армысың, менің достарым! Тәрбиеші: - Қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінің неше айы бар? - Қазір көктемнің қандай айы? - Көктем мезгілінде ауа райында қандай өзгерістер болады? -Дұрыс айтасыңдар,балалар. -Ал енді балалар маған айтыңдаршы электр тоғы деген не білесіңдер ме? -Электр тоғының адамдарға қандай пайдасы бар?	Шаттық шеңберіне тұрады. -Балалар сұрақтарға жауап береді. -Балалар өз ойларын айтады.

Балалар біз бүгін қауіпсіздік ережелерінің бірі Электр тоғының, қуатының қаншалықты қауіпті екенін білейік. Тұрмыста көп қолданатынымыз – Электр. Электр - жарық көзі. Бір күн үйімізге электр қуаты келмей қалса, дүниені қараңғы түнек басады. Дегенмен, оны да ұқыпты пайдаланбасақ, одан да өрт шығуы мүмкін. Электр приборларын уақтылы өшіру, электр жүйесінен ажыратуды ұмытпау. Үлкендердің көмегінсіз электр разеткаларына ештеңе тығуға болмайды. -Электір қауіпсіздігінің белгісін көрсетеді. -Топ ішіндегі электр құрылғылырын көрсетеді. -Өрт оқиғаларына басты себепші ***электр желісі*** және өрт қауіпсіздік ережелерін бұзуы болып табылады. Үйге жарық тартқан кезде, көбінесе, оның дұрыс орнатылуы ескеріле бермейді. Ескірген сымдарды қолдану да кездеседі. Осы жәйттардың барлығы аяғында өртке әкеп соқтырады. Электр желісі бұзыла қалған жағдайда, кәсіби біліміңіз болмаса, оны өзіңіз жөндеу - өте қауіпті. Сондықтан, үйдегі электр желілеріне салмақ түсіретіндей 2-3 электр затын бір мезетте электр қуатына қоспау керек. -Электр тоғы жайлы видео роликті көрсетеді. -Электр тоғын жөндейтін адамды электрик деп аталады.Оның құрал саймандарымен таныстыру. -Балалар мен сендерге электр тоғы арқылы жұмыс істейтін заттар туралы жұмбақ жасырамын: Тоққа тисе мұрты ұзын, Табанымен жазық. Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып**.** Аязға толы жәшігім, Ішінен тамақ тасыдым. Тәбетін ашсаң, Тамағы лас, шаң. Ән салады чемодан , Ішінде тұр көп адам. Естімейді сөзіңді , Сөйлесең де сен оған. Төбемізде тұрағы, Пайдасы мол ұққанға. Түнде жанып тұрады, Сөнеді Күн шыққанда Қоңырауын ұрады, Дабыл қағып, безектеп. Өрт шыққан кезде кімді шақырмыз? 101-өрт сөндіру қызметі 103- жедел жәрдем	-Тәрбиешінің айтқанын мұқият тыңдайды балалар. Өз ойлары мен пікірлерін айтады. -Балалар жұмбаққа жауап береді. -Үтік -Тоңазытқыш -Шаңсорғыш

-Электр тоғы ұрған адамға алғашқы көмек. Көмек көрсетуші электр тоғы ұрған кісіге жақындамас бұрын, өзінің қауіпсіздігін қамдау керек қуат көзін өшіру,зардап шегушінің денесінен ағаш затпен тоқ өткізгіш затты алып тастау және т.б -Сақтық туралы мақал – мәтелдер сұрау балалардан. Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорытындылау: Электр құрылғыларымен ойнауға болама? Электр қауіпсіздіген сақтауымыз үшін не істеуіміз керек?	-Теледидар -Электр шамы -Телефон -Өрт сөндірушілерді 101 нөмеріне қоңырау Жалғаймын деп үзіп алма, Түзеймін деп бұзып алма. Айзере Сақтықта қорлық жоқ. Диас Сақтықты сұңқырдан үйрен. Айханым

Тақырыбы: «Қыста су үстіндегі»
мақсаты: Мұз айдынында сырғанақ тебу кезінде сақ болуға үйрету.
Ұйымдастыру кезеңі.
- Сәлеметсіңдер ме балалар?
- (Балалар жауабы) Сәлеметпіз.
Психологиялық сәт.
Бір топ бала сырғанап,
Барады әне, жарысып.
Қалды артында қыр алап,
Іздерінен қар ұшып.
Жұмбақ.
Шанамен зырлап желетін,
Шаңғы, коньки тебетін,
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?
(Қыс)
Сурет бойынша әңгіме құрастыру.
Сұрақ - жауап.
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Балалар, алғаш сабаққа келген күндеріңді естеріңе түсіріңдер. Сонда сендер қалай киініп келдіңдер?
- Ал қазір қалай киініп жүрсіңдер?
- Қыс несімен қызық?
- Қыста біз не жасаймыз?

Көктайғақ кезінде зардап шеккіңіз келмесе, келесі ережелерді орындаңыз:

- Өзіңіздің аяқ киіміңізге көңіл аударыңыз:
- Аяқастына қараңыз, қауіпті жерлермен жүрмеңіз.
- Егер мұзды жерді айналып өту мүмкін болмаса, мұз үстімен шаңғышы сияқты қысқа адымдармен жүріңіз:
- Жолдың келесі бетке өтетін жерлерде абай болыңыз, асықпаңыз, жүгірмеңіз;
- Аяғыңызды тізеден бос ұстап, табаңыңызды нық төсеп жүріңіз;
- Қолды қалтаға салып жүру құлау қаупін ұлғайтады.
- Егер тайып кетсеңіз ауыр жарақат алмас үшін, жүрелеп отыра қалуға тырысыңыз.
- Құлаған кезде қатты соққы алмас үшін бүктетіліп, аунап түсуге тырысыңыз.
- Құлаған кезде қолыңыздағы заттың емес, өзіңіздің аман қалуыңызды ойлаңыз.
- Құлаған соң орныңыздан бірден көтерілмей, жарақат алмағаныңызға көз жеткізіп, жаныңыздағылардан көмек сұраңыз.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Әсіресе арқамен құлау, шалқасынан құлау ең қауіпті болып табылады, себебі, осы кезде мидың шайқалуы мүмкін. Жарақат алған кезде міндетті түрде жедел жәрдем қызметіне хабарласу қажет.

Естеріңізде болсын: әдетте мұз сүңгілері су жиналған жерде пайда болады, сол себепті үйлердің фасадын айналып өту керек.

Қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар және мүмкіндігінше ғимараттардың қабырғаларына жақын жүрмеңіз.

Егер тротуарда жүрген кезде жоғарыдан күмәнді дыбыстар шықса, жоғары қарап, не екенін тексерудің қажеті жоқ. Ол жылжыған қар немесе мұз кесегі болуы мүмкін.

Ғимараттан алыс қашуға да болмайды. Қабырғаға тезірек сүйеніп, шатырдың шетін қалқа ретінде қолдану керек.

Үнемі қоршалған жер телімдеріне мән беріп, қауіпті жерлерге кіруден бас тартыңыз. Көктайғақ апаттарынан өз өзіңді қорғаудың ең бір дұрыс тәсілі көшелерде жол жүру ережесін сақтау болып табылады, соның ішінде:

- автобустың артынан айналып өту;
- балаларды өз жаныңнан жібермеу;
- бағдар шамның қызыл түсі жанып тұрғанда жолдан өтпеу;
- жолдан өтер кезде ең алдымен солға, содан соң оңға қарау;
- жолдан өтуге дайындалып тұрған уақытта жол шетінде тұрмау;
- автобус аялдамасында жүріп жатқан көлікке артыңмен бұрылмау;
- көлік қатты жылдамдықпен жүріп, өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін.

- Мұздың үстімен топтасып жүргенде, бір-біріңнен 5-6 метр алшақ жүрген жөн. Бірінші жаяу жүргенге бейімдеп, құтқаратын заттарды кигізіп,(мысалы құтқару кеудешесі) ең жеңіл адамды жіберу керек
- Тыйым салынған жерлерден, су қоймаларындағы мұздан өтеуге болмайды.
- Мұзды аяғыңызбен жармаңыз.
- Мұздағы тесіктерге, жарықтарға, ойықтарға жақын келмеңіз.
- Мұздың бөлек бөлігінде топталып тұрма.
- Шанамен, шаңғымен тік жар жағадан жұқа мұзға қарай сырғанамаңыз..

Қорытынды.

Оқушылар бүгінгі сабақтан не түсінгендерін стикерге жазады.



Тақырыбы: **Ережені жаттаймыз.Өмірлерді сақтаймыз!**
мақсаты: Қауіпсіздік сақтаудың адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру.
Көрнекілік: бағдаршам , жол белгілері, слайд, ән таспа
Сабақ барысы
I. Ұйымдастыру кезеңі.
II. Сынып сағаты.
-Балалар біз бүгін « Ережені жаттаймыз, өмірлерді сақтаймыз! » тақырыбында сынып сағатын өткіземіз.
Мұғалім: Жолда жүру ережелеріне арналған сынып сағатымызды Шөмішбай Сариевтің мына өлең жолдарымен бастаймыз.
1.Тоғжан: Арманға алдан күткен асығамыз,
Біз қалай толқын атпай басылармыз.
Жол жүру ережесін жақсы біліп,
Сақтықта тұра алатын жас ұланбыз.
Жалғайтын достастырып бар елменен,
Жолдардан тұрады ғой әлем деген.
Бүгінгі бізге келген қонақтарға,
Алдымен беріледі сәлем деген.
2.Дильяра: Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,
Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,
Жол жүру ережесі – заңды тәртіп,
Ол – ортақ!
Үлкен – кіші – баршамызға!,
3.Темірлан: Жол тәртібі кімге керек – бірге ойланып көрелік,
Әрқайсыңның қылығыңа әділ баға берелік.
Ережені жақсы білген ортаға шық, жас ұлан,
Біліміңді сарапқа сал, біз етейік төрелік.
4. Балжан : Көреген дәу қырағы,
Көшемізде тұрады.
Ол бергенде команда,
Бағынамыз әмәнда!
Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп ұқ үш сөзін.
Тоқта!
Сақтан!
Жүр!
Мадина: Жолды кесіп өтуге мен қамдансам,
Қиылыста қарсы алады бағдаршам.
Менікіндей екеу емес, үш көзді,
Әр көзінің түсі бөлек, аңғарсаң.
Көзі алысты қалт жібермей қырағы,
Бір көз жанса, қалғаны өшіп тұрады.
Қызыл, сары, жасыл түсті көздердің
Бас әрпінен үш түрлі ұғым шығады:
Даяна: Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.

Айбар: Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Айшат: Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба.
Ануар: Қиылыста, жол ▸ шетінде, бұрышта.
Түрлі-түрлі белгілер бар тұратын.
Жүресің бе, жүрмегенің дұрыс па.
Не істеу керек? Соған қарап ұғасың,
Қызыл шеңбер ішіндегі таңбалар,
Әлденеге қатаң тыйым салады.
Өміріңді қорғауға олар арналар,
Білемегендер өкінішке қалады.
Ислана:
«Мына жерге кірмегенің жөн» дейді,
«Мынажерменжүрмегеніңжөн» дейді,
«Керібұрыл, тоқтамане бұрылма,
Сонда сағанешбірқауіптөнбейді».
Белгілердіңмәнінбілу — мықтықүш,
Келесісі — шетіқызылүшбұрыш.
Бұлбелгілерескертеді, біліп ал,
Көңілбөлмейөтіпкетпетып-тыныш.
Кенжалы: (Ескерту белгі)
Өзі қызыл, үшбұрышты ескертуің мен болам,
Хабарлайтын бар қауіпті, оң сапарды жолдаған.
А.Нұрай: (Тыйым салу)
Мен бәріне әрқашанда тыйым салып тұрамын,
Қауіп болса алда тұрған, жібермеймін бір адым.
Түсім қызыл, өзім шеңбер сызық болып бітемін,
Осы жолы үндемеймін, барма тағы сұрағың?
С.Нұрай(Анықтама):
Белгімен көрсетер жылдамдық пен бағытты
Ой, шұңқыр, бұрылыс, қатерді, қауіпті.
Барлығын да анықтап көрсетіп жіберем,
Сондықтан бәрі де мені тез танипты.
Лунара: Баратын сапардың қашығын, тұрағын,
Үн-түнсіз жол сілтеп, көрсетіп тұрамын.
Төрт топтан құрылған белгілер туыстай,
Жөн сілтеп тұрамыз у-шусыз ұрыспай.
Аружан: Бақылап жол ▸ тәртібін,
Өткізетін әр күнін.
Реттеушіні көрдім мен.
Қиылыстан дәл бүгін.
Ала таяққолында
Айтарыкөпоның да.
Не істеукерек, тұрса
Реттеуші көрсетеді (Рүстем)

Жол ▸ шетіне келгенде,
Тоқтай қалып мен демде.
Көз саламын арнайы
Белгісі бар жерлерге.
Қауіптіғойкөшетым,
Қумайжолдыңтөтесін.
Жолақтардыіздеймін
Жаяуадамөтетін.
Асықпаймынаптығып,
Алдыммұныжақсыұғып.
Пионино тіліндей,
Қатар-қатарақсызық.
Ортасындатұрақап,
Оңға, солғабірқарап,
Жолдыңарғышетіне
Жетіпаламжылдам-ақ.
Жолақшадан өтеді
Кейде жаяу жүргіншілер жол үстіне шығып кетеді бұлар әрине тәртіп бұзушы жаяу жүргіншілер
Сондықтан көшеде жолда жаяу жүргіншілер өздерін зейінді ұстап, жолда жүру ережелерінің талаптарына көңіл бөліп қарағандары дұрыс. Жаяулардың жолда жүру ережелерін сақтамауы автокөлік жүргізушілерінің жұмысын қиындатады.
Мұғалім: Жол белгілерін, міндеттеріңізді жақсы біледі екенсіңдер. Сендерге көп рахмет. Ал енді, балалар, олай болса , қазір жұмбаққа жауап беріп көрелік.
Слайд көрсетіледі
Жайнатып жанымызды
Келтіріп сәнімізді
Арнайық бас қосқанда
Тамаша әнімізді- деп келесі музыкалық әнімізді келген қонақтарға арнаймыз
Дильяраның орындауында ән «Бала тілегі»

Тақырыбы: Аңғалдық
мақсаты: Пешті жаққанда барлық қауіпсіздік ережелерін сақтау.
1.Кіріспе.
2.Көліктер.
3.Жүргізуші еңбегі.
4.Қауіпсіздік кеңестері.
Біз үйде, көшеде, мектепте, ойын ойнағанда үнемі қауіпсіздікті сақтауымыз керек.Жүргізушіге қауіпсіздікті сақтап,болысуымыз керек.
*** Жұмбақ шешу.** Әкемнің тор тайы,
Май жалап, су ішсе,
Тоқтамай тартады. (Машина)
Машина-көліктің түрі. Көліктер жолаушылар мен жүк тасиды.Көліктер аспанда ұшатын, суда жүзетін, жерде жүретін болып бөлінеді.Қалада трамвай,троллейбус, поезд, ұшақ, тікұшақ бар.Ауылда жылқы мен түйе де көлік ретінде қолданылады.Қалада көліктердің

көше тәртібін сақтауларына бағдаршам көмек береді.Көліктердің кейбір түрлері шұғыл оқиғаға байланысты өте тез жүреді.Басқа көліктер оларды тез өткізіп жіберулері керек.
1.Жедел жәрдем машиналары ауру адамдарды ауруханаға тез жеткізеді.
2.Өрт сөндіру машиналары өртті тез сөндіруге асығады.
3.Милиция машиналары тәртіпті сақтауға асығады.
* Жүргізушілер жұмысқа ерте шығады, көліктерді жөндейді,жанармай құяды, машиналардың жылдамдығын бақылайды.Олар сендердің қауіпсіздіктеріңе жауап береді.Олардың еңбектерін бағалауымыз керек.
Бірде қырға барады,
Бірде мектепке барады.
Жүргізуші дамыл таппай,
Қашан демін алады?
Түн демейді түнді де,
Күн демейді күнді де.
Шаршадым деп айтпайды,
Жүргізуші білдің бе?
Шалғын өссе сайларда,
Суытса да әр кезде.
Машинамен біздерді,
Апарады мектепке**. (Ж.Қыдыров)**
Апам шықса сапарға, Осы сөзді байқадым,
-Жолың болсын!-дейді атам. Қуат барын, күш барын,
Атам шықса сапарға, -Жолың болсын!-айтамын,
-Жолың болсын!-дейді апам. Алыс жолға шықса кім.
(Н.Айтов)
Дидактикалық ойын. «Жақсы-жаман»
*Машинаның алдынан жүгірме.
*Үлкендердің айтқанын тыңдама.
*Автобустың терезесін ашпа.
*Жолдың ортасында ойна.
*Автобустың ішінде қатты айқайлап,жүргізушіге кедергі жасама.
Үлкен болдым десем де, Үлкенбіз ғой,міне, біз,
Ешкім маған сенбейді. Жол ережесін сақтаймыз.
«Жалғыз жүрме көшеде, Автобусқа отырып,
Кішкентайсың сен»- дейді. Тыныштықты сақтаймыз!
Көрініс «Автобуста». (Автобусқа кірген атаға балалардың амандасып, орын берулері).
Қауіпсіздік кеңестері
Бөтен адамдардың көлігіне отырма.
Жол үстінде ойнама.
Автобустың алдынан жүгірме.
Автобустың ішінде қатты сөйлеп,жүргізушіге кедергі жасама.
Автобустан түсерде байқап түс, үлкендердің көмегіне жүгін.
Көшеге шығарда жан-жағыңа қарап, жолдың шетімен жүр.
Үйде сіріңкеге,газға, тоққа жолама.
Пышақ, ине, қайшыны ұстағанда абай бол.
Қорытынды. Бұзба көше тәртібін,
Ұрынасың апатқа.
Қызықты өтсін әр күнің,
Жақын болма шатаққа! (Е.Елубаев)

Тақырыбы: **«Қай жерде ойнауға болмайды?»**
мақсаты: Көшеде жолда ойнауға болмайтынын айтып түсіндіру.
Ұйымдастыру кезеңі
Шаттық шеңбері:
Жалғайтын достастырып бар елменен,
Жолдардан тұрады ғой әлем деген.
Бүгінгі бізге келген қонақтарға Жиынымыз басталсын сәлемменен.
-Балалар, бүгін «Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды-?» яғни жолда жүру ережесімен танысамыз.
- Жол ережесін бұзуға бола ма - ?
- Қандай бала жол ережесін бұзбайды - ?
- Жолдың арғы бетіне қалай өту керек - ?
- Тақтада не көріп тұрсыңдар-?
- Үш түсті кім атап береді-?
- Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын.
Жасыл көзі «жүр»дейді,
Қызыл көзі «тұр»дейді.
Сары көзі «дайын бол»дейді.
Бұл не-? (Бағдаршам).
Тәрбиеші: - Балалар бүгін жұмысқа келе жатқанда пошташы мына хатты берді, бұл кімнен екен? Ашып оқиық. «Мен мысық кездейсоқ оқиғаға тап болдым, Жол үстінде ойнаймын деп жаман жағдайға ұшырадым. Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды? Маған көмектесулеріңді сұраймын», - деп сұрапты, балалар, біз мысыққа көмектесемізбе?
Балалар: - Әрине көмектесеміз.
(Осы кезде есікті тықылдатып, мысық пен дәрігер кіреді).
Тәрбиеші: - Балалар, бізге мысық пен дәрігер қонаққа келді. Мысық саған не жағдай болды?
Мысық:- Менің қатты ойнағым келіп, жолда ойнап едім жаман жағдайға ұшырадым. Дәрігер маған бірінші жәрдем көрсетті. Мені сендерге әкелді.
Дәрігер: - Сендер мысыққа қай жерде ойнауға болмайтынын үйретесіңдер ме?
Балалар: - Иә, үйретеміз.
Тәрбиеші: Балалар назарымызды бәріміз мына суретке аударайық. Мысық сенде қара. Мына суретте қай жерде ойнауға болмайтыны көрсетілген. Көлік жолының үстінде ойнауға болмайды. Даладағы бөтен танымайтын жануарлармен ойнама және лифт кабинасында ойнама.
Тәрбиеші:-Мысық, сен жолда жүру ережесін білесің бе - ?
Мысық:- Мен ережені білмей ақ жүре беремін.
Тәрбиеші: - Олай болса көрейік көшені қай жерден қиып өтесің - ?
Мысық: - Қалай? Төрт аяғыммен өте беремін.
Тәрбиеші: - Балалар, мысық дұрыс жауап берді ме - ?
Балалар: - Жоқ, ол дұрыс жауап берген жоқ.
Мысық: - Ал, қалай жүру керек - ?

Балалар: - Жер асты, жер үсті теңбіл жолдармен жүру керек.
(Осы кезде есікті тықылдатып жол полициясы келеді).
Испектор: - А, мысық сен осындасың ба? Сенің бұзықтығыңнан жол ережесі бұзылды. Сен осыны білесің бе? Жауап берші. Автобустан түскен соң, көшеден келесі жағына қалай өтесің?
Мысық: - Автобустың дөңгелектерінің астынан өтемін.
Тәрбиеші:Мүлдем шатасып кетіпті. Автобустын аялдамадан өтуін күтіп, жолдың екінші жағына кезек қараған соң өту керек. Жақын манда жаяу жүргіншілер жолы болса, сол жерден өту керек. Балалар сендер ойнағанды жақсы көресіңдер ме? Ендеше «Бағдаршам» ойынын ойнайық.
Инспектор: - Мысық, енді соңғы сұрағыма жауап бер. Көшеде ойнауға болама?
Мысық: - Әрине, шахмат болса ойнауға болмайды. Машиналар шахмат тастарын құлатып кетеді. Ал, доппен ойнауға болады.
Тәрбиеші: - Мысықтың айтқанымен келісесіңдер ме,балалар? Жолда ойнаймыз ба?
Балалар: - Жоқ.
Тәрбиеші: - Жол үстінде ойнауға болмайды. Орам алдында балалар ойнайтын алаңда ойнау керек.
Мысық: - Балалар, сендерге рахмет! Сендер жолда жүру ережесін жақсы білесіңдер.
Тәрбиеші: - Біздің балалар, жұмбақтарды да жақсы шеше алады.
Жоқ өзінде баста, ауыз да, құлақта,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та.
(Бағдаршам)
Төрт аяғы дөңгелек,
Адамсыз ол жүрмейді.
(Машина)
Тәрбиеші: - Балалар кім жолда жүру ережесі туралы тақпақтар біледі - ?
Инспектор: - Қандай тамаша балалар! Мысық енді сен жол үстінде ойнайсын ба?
Мысық: - Жоқ, ойнамаймын. Жол жүру ережесін балалардан үйрендім.
Инспектор: - Олай болса балалар сендерге көп рахмет! Сау болыңыздар!
Балалар: - Сау болыңыздар!
Қорытынды: - Балалар, мысық қай жерде ойнады?
-Жолда ойнауға болама?
-Әр үйдің, әр балабақшаның өзіндік балалар ойнайтын ауласы бар. Сол аулада ойнауымыз керек.
-Ал, балалар далада жүрген бөтен жануарлармен ойнаймыз ба? Дұрыс себебі олар тістеп, тырнап алуы мүмкін.
-Өте жақсы балалар, сендер барлығын жақсы біледі екенсіңдер.
Осымен сабағымыз аяқталды. Сендерге көп рахмет!



Тақырыбы: Дәрілік шөптерді білу
мақсаты:Шөптердің емдік қасиеттері туралы білім беру.
І. Ұйымдастыру кезеңі.
1. Сәлемдесу.
2.Түгендеу.
3. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.
1.Өсімдік өсу үшін қандай жағдайлар керек ?
2.Өсімдік жыл мезгілдеріне байланысты қандай күйге ұшырап,
қандай түседі?
3.Өсімдіктің адамға пайдасы?
4.Қандай қасиеттері бар?
5.Күн күзінің өсімдіктерге берер пайдасы?
6. «Сусыз тіршілік жоқ»,- деген сөзді қалай түсінесіңдер?

- Олай болса бүгінгі сабақта дәрілік өсімдіктер туралы мәлімет аламыз.
Қазақстанда дәрілік өсімдіктердің көптеген түрі өседі. Олар: шайқурай, қалақай, түймедағы, мыңжапырақ, таушымылдық, бөріқарақат, шырғанақ, итмұрын, жусан және тағы басқалар. Шырғанақтың жемісіне күйікке және жараға жағатын май алынады. Итмұрынның жемісінен дәруменге бай дәмді қайнатпа және шырындар жасайды. Таңқурай жаңа піскен, кептірілген, тоспа түрінде өте пайдалы. Оны суық тиген кезде шайға салып ішу керек. Шай қурайды халық 99 аурудың емі деп санайды. Онда пайдалы заттар өте көп. Жұпар гүл ас қорытуды жақсартады, суық тигенде көмек теседі. Бұл өсімдіктің атауының өзі оның жұпар иісі туралы айтып тұр. Жұпар гүлдің шайға қоссаң, ерекше дәм және қош иіс береді. Жолжелкеннің жараны емдеп жазуға көмегі көп. Жолжелкенді жапсырып қойсаң, тез жазылады. Жолжелкеннің шырынынан жөтелді басатын дәрі дайындайды.
Дидактикалық ойын арқылы. «Үйіне орналастыру»

Берілген өсімдіктердің ішінен дәрілік өсімдіктерді тауып, өз орнына орналастыру.

Сарамандық жұмыс
Дәрілік өсімдіктердің суреттерін салу
Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.
Сергіту сәті:
Қане, қане балалар (Балалар тұрады)
Шаршағанда ырғалып (тербеліп тұрады)
Гүлге ұқсап демалам (отырады)
Жұпар иісін бір искеп (мұрнымен демді ішіне тартып, шығарады)
Гүлдей болып жайқалам (Қолдарын жоғары көтереді)
Жұмбақтар шешу арқылы
1. Өзіне шап-шақ,
Киген қалпағы аппақ,
Балалар тұр қаптап. (бақбақ)
2. Саздауыт жерде өседі,
Хош иісі аңқыған,
Шипа өсімдік деседі. (Жалбыз)
3. Бұтағы ілген үлпершек,

Тақырыбы:"Жаманәдеттер"
мақсаты: Жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.
Ұйымдастырубөлімі
Жаманәдетерменжанаса, жеңұшынанжалғасаәмпей-жәмпейжүретін, кісіліккежатпайтын, абыройсыз, қылықтардыңбірі-өтірікайту.Оныарғы-бергізамандаөмірсүргенақылман,данаадамдаренжексұрынкемістікадамдепсанайды.Халық өтінішісуайтадамқатарынақоспайды."Өтіріктіңқұйрығы -бір-ақтұтам"-дегенхалықмақалыөтіріксөзініңтүбіндешикілігінасығыпоныайтушыныңмасқараболатыны мензейді.Ондайкісідемейліжас,мейліжасамысболсынмұндайабыройбеделболмайды.Халық табар "өтіріктіңөтірігіде,шыныдаөтірік","өтірікшініңшынсөзі-зая"-дейтінмақалдарсоғандәлелсонауертезамандаримдікшешенқазақмақалдарынсөзбе-сөздерлікқайталап " Өтірікшігебізтіптіолшындықтыайтыптұрғанкездедесенбейміз"-депті.Л.Толстойдыноқуқұралынаенгізілгенмынадайшағынәңгімесібар.Бірқойшыбалакүнде "қойғақасқыршапты"-депөтірігінайтыпдүрліктіреберіпті.Кезектібірсондай "аттан"-депкелгендеөтірігіғойдепешкімеленетіпқоймапты.Бұрақбұлжолышыныменқойғақасқырша уыпқырыпкетеді.Мұныңөзіөтірікшініңжұрттысенімненайырылыпқадірлігінболмайтынынк өрсетедіекен.Аладамдардыңқадірсіздігіненөткеннебар?! "Өтірікке әбден үйреніп калған адам шын сөз айта алмайды"-деген де бар."Айтса айта берсін,аузынаяйсын ба ешкімге содан келіп жатқан зиян жоқ"-деп қарайтындар табылады.Бірақ оларды жөн деуге болмайды.Беті бүлк етпей өтірік соғатын адамды қандай сылтаумен болса да ақтап инабатты,тәрбиелі салмақты кісі қатарына қосу мүмкін емес.Өтірігін өтірікшіге ғана емес,оны тындаушығада зиянын тигізеді.
"Бір құламалақ бір қарынды шірітеді"-демекші зиянсыз өтірік болмайды.Ол алған сөзбен ортаны бүлдіреді,елге ірткі салады.Жұртты алаң қылып адамның бір-біріне күдігін күшейтеді.Ал сенімсіздік жайлаған қоғамның ғұмыры,қысқа.Өтірік құбыла сапасын өзгерте келіп,мүләйімдік,көлгірсу ,жағымпаздық,нақақ жала сияқты жағымсыз,кеселді әдеттерге істемегенін істеуі деп обал-сауапқа қарамай ақ адамды нақақ қаралап жала жабу барып тұрған мүләйімдік,құдайдан безген имансыздық болып табылады.Ол өзі зиян мен зардабы,ауқымына қарамай қылмыстың әрекет ретінде заңда қарастырылады.

"Жақ пен тілдің көркі-шын сөз".
Жаман әдеттер
Жағымпаздық,екі
жүзділік,көлгірсуменменсіздік,мақтаншақтық,мылжындық,нашақорлық,сәнқойлық.
"Арамдыққа құл болма, адал болсан
Нашақорды қинама адам болсан
Адал болса-сол ғажап ,арам болса-ол азап"
"Жақсы мінез-құлық болып екеуі біріккенде бұлар адамшылық қасиет болып табылады"
Әл Фараби
"Өтірік сөз жанға қас
әділ сөздің ізілі жоқ "
"Талапсыз адам-табансыз"
Қандай жаман әдеттер білісіңдер:
Күншілдік,жалқаулық,өзімшілдік,суайттық,екі жүзділік,өсекшілдік,сарандық,мас күнемділік,нашарқорлық,карта ойнау,көп ұйықтау

"Мысалы қазіргі заманда зорлық, алдау, өтірік, нашақорлық, қанішерлік, мейірімсіздік, рақымсыздық т.б. жаман әдеттерден құтылудың айласын іздеу керек. Ең алдымен барлық адамдарды адал еңбек ететін жолға салу керек. Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып сол адамның бұйрығы арқылы бойынша заң шығару керек, сол заңдарды бұзғанды жазалау керек"
"Адал еңбек, білім үйретумен қатар жаман әдеттерді жою үшін менімше "ар білімі" деген білім оқытылуы керек бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып күн ретінде жасаса әрі-бері күн ретінде жасаса, ары бар, ақылы бар, мейірімі бар, махаббаты бар адамның бірін-бірі жеп, талап, қырып өсуі мүмкін болмасы да еді."
"Ал арлы ақылды адам, қианатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтан уды білмейді және істемейді"
"Адамның адамшылығы-ақыл, ғалым,жақсы адам, жақсы ата-ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздын болуы меніңше Әлімнің айласы жақсы адамдар олар Әлімге жақсы жолға түсіруді деп есептеймін
1-оқушы. «Шындық бар жерде,
Өтірік байқап жүреді.
Шындық жоқ жерде,
Шіреніп жүреді.» (Қорқыт ата)
2-оқушы."Суайттық-ең жексұрын кемістік" (М.Монтіль)
3-оқушы."Зиянды әдеттерден ертен емес,
Бүгін құтылған жөн" (Конфунций)
4-оқушы."Өтірік жентектелген көбік қар сияқты неғұрлым
Ұзақ домалансаң соғұрлым қампия жүреді" (Лютер)
5-оқушы. "Ұлттаң асар уя жок"
6-оқушы."Кірдің кірлейтін жері жоқ
Суымнын жүрмейтін жері жоқ"
7-оқушы."Өзіңді-өзің тергей білсен егер де
Өз сотынан әділ сот жоқ бөгелме"
8-оқушы."Өтірікті өтірікпен өңдеген
Аз сорлының несі қалды өлмеген!"
Әлімнің өтірік айтуына не себеп болды леп ойлайсындар?
9-оқушы: Ата-ананың алдында өзінің беделін тусіргісі келмей сондықтан өтірік айтуға мәжбүр болды!
2. Әлімнің ата-анасы қандай адамдар деп ойлайсындар?
10-оқушы: Адал,тәрбиелі адамдар
3. Өтіріктін басқа қандай жағымсыз қылықтарын білесіндер?
осы көрініste осы-ң қайсылары бар деп ойлайсындар?
11-оқушы: менменшілдік,өзімшілдік
4. Қандай мақал білесіндер?
(Өтіріктің құйрығы бірақ тұтам)
5.Ұстазының дұрыс істеді деп ойлайсындарма?
12-оқушы: Жоқ олай ойламаймын Әлімнің намысшылдығы жалған намыс шын намысыты адам өтірік айтпаған болар еді
13-оқушы:Меніңше Әлім "5" алдым деп анасын қуантқысы келді.Біздің туйіндегеніміз өтірігі улкейып кетті ол бірден дурысын айту керек еді!.

14-оқушы: Себебі ол өмірінде 4 алмаған бала, содан да болар оның дұрыс айтуына менменшілдігі жібермеді деп ойлаймын!!!.
Қортынды: Е.Домбаевтың «Әлімнің әлегі» көрінісін көре отырып, әр уақытта шыншыл болуға,адал болып, қазіргі замандағы кинолардағы кездесетін өтірік, шындықты жасырып айтпай қалу сияқты жағымсыз әдеттерге иланбай, жоғары түсінікпен қарап адамгершілік, жағымды қасиеттерді жоғарғы дәрежеде ұстануға тәрбиеленеміз.

Тақырыбы:«Өрт – тілсіз жау»
мақсаты: Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, пайда болу жолдарын ұғындыру. Құрметті, кішкене бүлдіршіндер! Ересек «Қарлығаш» тобының ұйымдастырған «Өрт қауіпсіздігіне» байланысты спорттық жарысымызға қош келдіңіздер.
Біздің бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Өрт – тілсіз жау» деп аталады. От деген өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От – өмір сәні. Отсыз - тіршілік жоқ. От жағылмаса тамақ піспейді, үй жылымайды.
Оттың пайдасымен қатар зиянды жағы да бар. Егер отты тым асыра дұрыс пайдалана алмасақ, біз үшін орны толмас зор қайғы – қасірет әкелетіні хақ.
Сондықтан да осы отырған әрқайсысымыз отты пайдаланғанда аса сақ болуымыз керек. Тұрмыста отты үнемділікпен, жауапкершілікпен, ережелерді сақтай отырып пайдалану

керек.
Балалардың отпен ойнауы – өрт шығудың кең таралған себептерінің бірі болып табылады. Үйде жалғыз қалған балалар көбіне сіріңкемен ойнап, оның арты қайғылы жағдайға әкеледі. «Өрт – тілсіз жау» деп бекер айтпаған.

Тәрбие сағатымыз жарыс түрінде өтеді.
Алдарыңызда жеңіске деген жігерімен алға ұмтылған топтар отыр.
Әділқазылар алқасын сайлап алайық
1. Сайысымыздың алғашқы кезеңі «Сәлемдесу»
«Алау» тобы.
Ұраны: Біз алаумыз, алаумыз,
Қанатымыз талмаған.
Жайма шуақ әніміз,
Күштілерміз бәріміз.
«Жалын» тобы.
Ұраны: Біз жалынбыз, жалынбыз,
Қарлығаш боп ұшамыз.
Күн нұрынан нәр алып,
Шамшырақ боп жанамыз.
2. ойын: Кім жылдам? (1 - ден 10 - ға дейін сандарды ретімен қою
Кедергілер арасымен жүгіріп 1 - ден 10 - ға дейінгі сандарды ретімен қою
3. ойын: Кім жылдам құрастыра алады.
Өрт сөндіру машинасын екі адам шеңбермен барып құрастырады.
4. ойын: Әдемі етіп бояймыз. Оттың суретін әдемі етіп бояп бітіру
5. ойын: Кім мерген?
Допты корзинаға дәлдеп лақтыру.
6. Мақал - мәтелден жарыс
От туралы мақал – мәтелдер айтайық.
1. Отпен ойнама, күйерсің.
2. Ойын түбі – от.
3. Отын деген шөп болар,
Жинай берсең көп болар.
4. От жақпа - пісерсің,
Ор қазба – түсерсің.
5. Сумен ойнама – батарсың,
Отпен ойнама – күйерсің.
6. От пен су – тілсіз жау.
7. Өзі саққа құдай жақ.
8.: Сақ жүрсең сау жүрерсің.
9. Сақтықты сұңқардан үйрен.
10. Жау жоқ деме – жар астында.
Бөрі жоқ деме – бөрік астында.

7. «Жұмбақ шешу»
«Алау» тобына:
1. Жауағанды күйдірер,
Өз еркіне жіберсең,
Дүниені бұлдірер. (От)
2. Бір үйде тұрады екен 50 батыр,
Үй сыртына сүйкенсе – ақ, өліп жатыр. (Сіріңке)
3. Көрмедім ешкім үйінде,
Қолданбас бұл бұйымды.

Жазып қыртыс - қыртысын,
Қонымды етер киімді. (Үтік)
4. Жалт - жалт етер
Жалмап кетер. (От)
5. Қалпағы бар, жиегі жоқ
Аузы бар, иегі жоқ. (Шәйнек)
«Жалын» тобына:
1. Бар екен бір жалмауыз жалғанда артық
Жүреді, жүрген шақта өзі шалқып
Темір мен топырақ, тас суды жемес.
Басқаны жеп қояды қойсаң артып. (От)
2. Кішкентай ғана мүсәтір,
Ол мүсәтір жоқ болса
Елдің бәрі мүсәпір. (Сіріңке)
3. Тұмсығы мықты,
Қыр мен ойды тегістеп шықты. (Үтік)
4. Желден желігеді,
Судан шегінеді. (От)
5. Түймесін бассаң,
Сәулесін шашқан. (Электр шамы)
Сөзді әділқазылар алқасына береміз.
Тәрбиеші: Балалар естеріңде болсын, өрт кездейсоқ шықпайды, ол дұрыс пайдаланбағаннан болады. Бүгін сендер оттың дос та, жауымыз да бола алатынына көз жеткіздіңдер. Естеріңде болсын: «Отпен ойнама, күйерсің», «Өрт – тілсіз жау».

Тақырыбы: Көшедегі, жолдағы айнымас достар.
мақсаты: Жолда жүрудің тәртіп ережелерін қалыптасыру.
1. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушыларды топқа бөлу.
(Бағдаршам көздеріне сәйкес қызыл, сары, жасыл дөңгелекшелер арқылы бөлу)
2. Сұрақ- жауап1 топқа: Жол ережесі дегеніміз не?
2 топқа: Жол ережесін не үшін білуіміз керек?
3 топқа: Жол ережесін қалай сақтаймыз?
Мұғалім: — Ал енді «Жолда жүру ережесін білеміз бе?» атты сынып сағатымызды бастаймыз.
II. Негізгі бөлім: 1. «Ой қозғау»

Жұмбақтар1. Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
Өміріңді күзеткен,
Ысқырықпен түзеткен. (Жол полициясы)
2. Көше бойлап аяңдайды,
Адам тасып аялайды. (Автобус)
3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,
Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)
4. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)
5. Арқаным бар тым ұзын,
Ала-алмайсың бір үзім.
Табыңдаршы, балалар,
Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол)
6. Өзі сөйлей білмейді,
Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)

Сұрақ: — Бағдаршам деген не?
— Ол қандай қызмет атқарады?
2. « Кел, танысайық!» айдары
Мұғалім: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Баршамызға оның сырын біліп, тілін алу керек.
Бағдаршам — жол элементтерінің ішіндегі ең ерте қолданыла бастағаны. Қазір бағдаршамның жасы жүзден асып кетті. Оның кескін келбеті де құрылысы да әлденеше рет жаңарды. Ол жол қозғалысына қатысушыларға өз жарығымен бағыт сілтейді.
Біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.
Сұрақ: — Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме ?
— Жиек жол деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол)
— Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді)
Хормен: Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға!
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға!
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін, жасқанба!
(Әр топ оқушылары бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады)
Қызыл – Тоқта!
Сары – Сақтан!
Жасыл – Жол ашық!
3. «Жол белгілерін білеміз бе?»
(Оқушыларды жол белгілерімен толық таныстыру)
Сергіту сәті: ***Қызыл : қолымызды жоғары көтереміз.***

Сары: бір- бірімізбен амандасамыз.
Жасыл: құшақтасамыз.
4. Топтық тапсырма: Жол белгілерінің суретін салу, қорғау.
5. «Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік!»
Сұрақ-жауап:
1. Жолаушылар дегеніміз кімдер?
Кез — келген көлік түрін пайдаланатын адамдар.
2. Бағдаршам дегеніміз не?
Бағдаршам автомат жүйесіне қосылған үш көзді аспап. Жол қозғалысын реттейді.
3. Велосипедпен неше жастан бастап жолмен жүруге болады?
Жол бойына 14 жасқа толған балаларға ғана рұқсат.
4. Көшеде бағдаршам болмаса не істеу керек?
Өз көзіне сену керек, жол ортасына жеткенше, әуелі сол жаққа қараб ортасынан асқан соң, оң жаққа мойныңды бұр
5. Қандай көліктің түрлеріне бағдаршамның қызыл жарығына жүруге рұқсат етеді?
Жедел жәрдем, полиция, өрт сөндіру машинасы.
6. Жолаушы таситын қоғамдық көліктерді қай жерден күтеді? Аялдамада
7. Жақындап қалған көліктің алдынан жүгіру неліктен қауіпті?
Жүргізуші көлікті тоқтата алмай, адам өміріне қауіп төнеді.
8. Полиция, жедел жәрдем, өрт сөндірушілер көліктері өтіп кеткенше күтіп тұру міндетті ме? Иә, міндетті.
9. Жолда қай жерден өту керек?
Жаяу жүргіншілер өтпесі белгісі қойылған жерден.
6. Көшеде жүру тәртібіне байланысты бейнеролик көрсету
III. Қорытындылау.
Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,
Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,
Жол жүру ережесі — заңды тәртіп
Ол ортақ үлкен, кіші, баршамызға
Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады.
Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті оқушы көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.***Міне, балалар, біз сендермен жолда қалай жүру керек екенін білеміз.***
Жол ережесін әрқашан есте сақтау керек.
Жол ережесін жақсы білсек өзімізді жол апатынан сақтаймыз.
Ал енді осы ережелерді әрқашан орындап, аман болайық!

Тақырыбы:Ормандағы қауіптер
мақсаты: Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтардан сақтану.
Мотивациялық қозғаушы
Кел,балалар күлейік,
Күлкіменен түлейік!
Қабақ түйген не керек,
Көңілді боп жүрейік!
Кел,балалар күлейік!
Күлкіменен түлейік!
Күлкі көңіл ашады,
Күліп өмір сүрейік!
Қараңдаршы балалар мына себетте жидектермен саңырауқұлақтар бар екен.Бұл себетті бізге қызыл телпек сыйлыққа жіберіпті.
Шаттық шеңберіне қатысады

Ұйымдастыру – ізденуші
Ішінде хаты да бар екен.
Бұл хатта сендерге тапсырмалар жазылған екен.
1тапсырма
Жидек пе?Саңырауқұлақ па?
2тапсырма
Жидектерді ата?
3тапсырма
Сипатта
4тапсырма
Дәмін татып не екенін ата?
Жарайсыңдар балалар!!!
Сергіту сәті:
Енді біз демаламыз,
Айналаны шоламыз.
Қол- аяқты кезекпен,
Оңға-солға созамыз.
Күн шыққанда сүйініп,
Бәйшешектей иіліп.
Біз тынығып аламыз,
Жиі-жиі жаттығып,
Үлкен кісі боламыз.
Сендер тапсырмаларды дұрыс орындадыңдар енді мен қызыл телпекке хат жазамын.
Хатқа сендердің жауаптарыңды жазып жіберемін.

Балалардың жауабы
Күтілетін нәтиже:
Жаңғыртады:Жидекпен саңырауқұлақты таниды
Түсінеді:сипаттай алады,жидектің түрлерін біледі
Қолдана алады:ерекшеліктерін нақты айта біледі

Қышқыл бұршағы

Улы саңырауқұлақтар



шыбынжұт

көңілкеш

жалған түбіртек

Бозарамқұлақ

Жалған түлкіжем

Тақырыбы: Табиғат аясында
мақсаты:Демалатын орынды дұрыс таңдай білу.
І. Ұйымдастыру бөлімі.
- Балалар, бүгін табиғатқа серуенге шығамыз.Серуенге шықпас бұрын мынадай сұрақтарға жауап беріңіз.
-Бір жылда неше мезгіл бар?

- Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата.
-Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды?
-Қазақ халқының салт-дәстүрлерін сақтап,жақсы жерге қоныс тебейік.
-Балалар, ауылымыздың шағын бағына барамыз.
-Ауылымыз туралы не білесіңдер?(ауыл туралы әңгімелеу)
- Айналамызды қоршап,жайқалып өсіп тұрған ағаштар.Ауылымыздың бөгеті мен бұлағы бар.
-Балалар ,бөгетімізде балықтыр бар ма?
- Балық аулайтыңдарын бар ма?
- Оларда біздің байлығымыз.
- Ауылымыздың атап өтетін тағы қандай байлығы бар?
- Атап өтер байлығымыздың бірі егіншілік.Яғни біздің нанымыз.
- Ал ол егінді кімдер егеді?
- Ауылдас ағаларымыз.
- Балалар, ағаларымыздың еңбектері Қазақстан,Отан,туған жер ,ауыл үшін өте пайдалы.Олар бізге нан береді.
- Ал кім нан туралы өлең ,мақал біледі?
Нан қиқымын шашпаңдар,
Жерде жатса баспаңдар.
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.
- «Ас атасы-нан», «Еңбектің атасы нан», «Алтын,күміс тас екен,арпа бидай ас екен»
- Туған жерімізде өсетін қандай өсімдіктерді білесіңдер?
- Алабота,жусан,түймедақ , ақселеу.
- Табиғаттың бір үзігі- өсімдіктердің де адам үшін атқарар шаруасы көп екен. Олар адамға дәрі-дәрмек, ем болып, өмірлерін қауіп-қатерден қорғауға өз үлестерін қосатының білеміз.
- Қандай жануарлар тіршілік етеді ?
- Түлкі, қоян, қасқыр, дала тышқандары, т.б.
- Балалар , біз сол біздің жерімізде тіршілік ететін жан-жануарларға құстарға, өсімдіктерге қамқоршы болуымыз керек.Олай болса бәріміз әрбір тірі жанға қамқоршы боламыз.
II. Таза ауамен демалып,түрлі ойындар ойнау. («Ақ серек,көк сере», «Кім жылдам» т.б.)
III. Қорытынды.
Қорыта келгенде адамның табиғатсыз тіршілік ете алмайтынына көз жеткіздік қой деймін. Табиғат байлықтарын қорғай білу азаматтық борыш. Оны аялап, сүйе білейік.
Табиғатты сүйе білу үшін табиғат туралы мол білу керек. Ал мол білім- кітапта, әр пәнді жақсы оқуда.
Қашанда табиғатқа қамқорлық керек. Оған қалай болса солай қарайтын адамдар қайда да болса кездеседі. Мысалы: Сөндірілмей тасталған шырпы, темекі тұқымы жайқалып тұрған орман тоғайды құртып жіберуі мүмкін. Ал бір ағаштың өсуі үшін қаншама жыл керек екенін өздерің білесіңдер. Кейбір тентек балалар гүлдерді жұлады, құстардың ұясын бұзады, жазықсыз жәндіктерді өлтіреді. Мұндай жағымсыз қылықтардан өзімізді аулақ ұстай білейік. Табиғатты алайық! Табиғатты сүйе білмеген, туған жерін, елін де сүйе алмайды.

Тақырыбы: Отпен абай бол!
мақсаты: Өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімін бекіту.

Ұйымдастыру барысы:
Балалар шеңбер бойына тұрып, шаттық шеңберін орындайық.
Біз балдырған баламыз,
Біз әдепті боламыз.
Досымызды көргенде,
Біз қуанып қаламыз.
Тәрбиеші: От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От – өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымызда піспейді, үйімізде жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бойымызда қуат болмаса өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады. Сонымен от – өміріміз десек те, оның әлемі жайлаған алапаттың бірі – өрт қаупін шығаратынын да естен шығармағанымыз жөн. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан немесе байқампаздығымыздан кейде өрттің қалай күш алып кеткенін де байқамай қаламыз.
Олай болса, бәріміз экранға назар аударайық.
«Мысықтың үйі» туралы ертегіні тамашалайық.
Тақпақтар:
Балалар: От жақпа, күйерсің,
Өртеніп жүрерсің.
Сіріңкені ұстасаң,
Бәлеге сен түсерсің.
Балалар: Оттың ісі қуырмақ,
Желдің ісі суырмақ.
Қазір жанған жалынды,
Алып – ұшып қуаламақ.
Тәрбиеші: Олай болса, балалар мен сендермен
«Қателеспе» деген ойын ойнағым келеді.
Ойынның шарты: отта жанатын заттарды айтқанда қолды жоғары көтереміз, отта жанбайтын заттар айтылғанда қолымыз төменде болуы шарт.
Сөздер: қағаз, терезе, жапқыш, дәптер, киімдер, жиһаздар, шөптер, бензин, жапырақтар, ағаштар, кітаптар, шеге, әйнек, қасық, металл, мұз, қар, тас, су.
Тәрбиеші: Ас үйге сән беретін газ плитасы (тұрмысқа қажетті заттарды пайдалану ережесімен таныстыру. Газ – плитасын пайдалану). Көгілдір от тұрмыс – тіршілігімізде көп орын атқарады. Десек те, оны ұқыпты ұстап, жаға білуіміз керек. Егер газ плитасынан бір кемшіліктер байқалса, ата – анаңа айтып ескерт. Өйткені ата –анаң газ бөлімшесінің арнаулы мамандарын шақыртады. Тұрмысымызда тағы бір көп қолданатынымыз – электр. Электр – жарық көзі. Бір күн үйімізге электр қуаты келмей қалса, дүниені қараңғы түнек басады. Дегенмен, оны да ұқыпты пайдаланбасақ одан да өрт шығуы мүмкін.
1.Электр приборларын уақытылы өшіру, электр жүйесінен ажыратуды ұмытпау;
2.Рұқсат етілмеген жерге электр жүйесін жүргізбеу;
3.Өрттің алдын алу қауіпсіздігін сақта;
4.Өртті сөндіруге арнайы заттарды даярлап қойған жөн. Оларға құм, су, күрек, киіз, т.б.
5.Өрт жаңадан басталғанда сумен, құм сеуіп өшіреді;
6.Адамның киімі өртенсе суға түскені дұрыс. Су жоқ болса, топыраққа аунап, үстіне құм себу керек. Я болмаса, адамды қалың матамен орап өшіреді.

7.Газ плитасы тұрған бөлмені жиі – жиі желдету керек. Егер газдың күлімсіген иісін сезсең сіріңке жағуға, электр жүйесіндегі лампаны жағуға болмайды. Тек үйдің есік – терезелерін ашып, желдету керек.
8.Электр сымдары тоқ өткізгіштің түбінен жанып жатса, оны құрғақ ағашпен суырып алу қажет.

Ойын: «Кім шапшаң?»

Ойын шарты: Берілген сұрақтарға жылдам жауап беру керек.

Өрт сөндіретін адамды қалай атайды? (өрт сөндіруші)

Өрт сөндірушінің адамдарға қандай көмегі бар? (олар үйдегі, ормандағы өрттерді сөндіреді)

Олардың жұмысы қандай? (адамдарға қажет, өте ауыр, қиын)

Өрт сөндірушілер қандай болу керек? (батыл, өжет, шапшаң, епті)

Олар неге батыл, шапшаң болу керек? (өйткені өрт кезінде адамдарды, т.б. құтқарады)

Өрт болған кезде қандай нөмерге телефон шалу керек? (101)

Өрт сөндірушіге телефон шалған кезде қандай мағлұматтар беру керек? (не болғанын, мекен – жайын айту).

Қимылды ойын: «От пен су»

Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бірі қызыл лентаны тағып, от болып қашады. Ал көк лента таққан балалар су болып қуалайды. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Ойын: «Болады – болмайды»

Ойынның шарты: Қолдарыңа мына бағдаршамды алыңдар. Қызыл түсті – болмайтын жағдайда көтересіңдер, ал жасыл түсті – болатын жағдайда көтересіңдер.

Өрт болғанда 101 нөміріне қоңырау шалуға.....

Жанып тұрған сіріңкені тастауға.....

Үлкендерді айқайлап көмекке шақыруға.....

Өрт шыққан жерде қалуға.....

Өрт кезінде керует астына, шкаф ішіне тығылуға.....

Өрт кезінде есік, терезені ашуға.....

Басымызды, бет – аузымызды ылғал сүлгімен орауға.....

Өрт кезінде жарға, еденге су шашуға.....

Лифтіні пайдалануға.....

Қорықпай өрт сөндірушінің айтқанын тыңдауға.....

Көршілерден көмек сұрауға.....

Өрт кезінде газды, жарықты, тоққа қосылатын құралдарды қосуға.....

Тәрбиеші: Балалар естеріңде болсын, өрт кездейсоқ шықпайды, ол дұрыс пайдаланбағаннан болады. Бүгін сендер оттың дос та, жауымыз да бола алатынына көз жеткіздіңдер. Естеріңде болсын: «Отпен ойнама, күйерсің», «Өрт – тілсіз жау».

Өрт кезіндегі іс-қимыл туралы балаларға арналған ЖАДЫНАМА

Өрт болған жағдайда төмендегі ережелерді есте сақта балақай!

Өртті байқаған бойда ересектерге немесе өрт сөндіру бөлімінің 101 нөміріне хабарла!

Егер түтіннен тұншығып, көзің жасаураса, тыныс алу жолдарын беторамалмен немесе қандай да матамен жауып, мата арқылы демал

Ғимараттан тез арада шығып кетуге әрекет жаса.

Ғимарат ішін қою түтін басып кетсе, төртаяқтап немесе еңбектеп шығуға тырыс, өйткені еденге жақын ауа температурасы төменірек және өттегі көбірек болады.



Тығыламын деп тырыспа, от жалыны жетпегенімен, түтіннің иісінен қашып құтылмайсың

Өрт тілсіз жау. Оның адам өміріне өте қауіпті екендігін естен шығарма балақай!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қараева Қ.А. Сламбекова Н.М. « Өмір қауіпсіздігін сақтау негіздері» Аруна 2007ж.

2. Қ. Аймағанбетова «Мен және бәрі, бәрі, бәрі» Аруна 2006ж.

3. Б. Көпесбаева Бастауыш білім журналы №2 – 2004ж.

4. Ақыпбекұлы Ө. Қырық қызық. – Алматы: Балауса, 2002 – 28б.

5. Сакебаева Н.Б. Мектептегі мерекелер журнал 2014ж. 40б.